

6
А 13

1983

ҚАЛМАҚАН
ӘБДІКАДЫРОВ



ҚАЖЫМҮҚАН




6
А 13

ҚАЛМАҚАН
ӘБДІҚАДЫРОВ

КАЖЫМҮҚАН

ПОВЕСТЬ

1983



ҚАЗАҚТЫң
МЕМЛЕКЕТТІК КОРКЕМ ӘДЕБИЕТ БАСПАСЫ
АЛМАТА — 1951

МАЗМУНЫ

Беті

I. Алып деңелі адам	5
II. Қар күрген бала	7
III. Тышқаннай піл де корқады	10
IV. Жаяу сұйрегем шана	12
V. Қептің көмегі	15
VI. Қабан қалдегі күрес	21
VII. Ұлы Петрдің қаласында	33
VIII. Парижда	57
IX. «Жиб-жица» күресі	77
X. Мырза	81
XI. Палуан-шолақшем кездесуі	92

*Оңтүстік Қазақстан облысы, Шәуілдір ауданы,
„Ақтөбе“ колхозы ҚАЗЫМҰҚАНҒА*

Қажымұқан жолдас, Қызыл Армияның Әуе күштеріне қамқорлығының үшін менің сәлемімді және Қызыл Армияның алғысын кабыл алының. Сіздің тілегіңіз орындалады.

И. Стalin.

«Социалистік Қазақстан», 29 сентябрь, 1944 жыл

Москва, Кремль

*Совет Одағының Маршалы СТАЛИН
жолдасқа*

Сіздің данышпандық басшылығыныңбен қаһарман Қызыл Армия неміс-фашист армияларын талқандап, сүйекті. Отанымызды неміс басқыншыларынан тазарттып жатқан күндерде, мен жеттіс бес жыл өмірімнің елу бес жылын спорттен еткізген қарт палуан жауды біржолата талқандайтын күнді жақыннату үшін, өзімнің еңбекпен тапқан 100 мың сом қаржымды женіс қорына беремін. Сізден осы қаржыны қазақ батыры Аманкелді Имановтың атында соғыс самолётін жасау үшін нұсқау беруініңді етінемін.

Сталин жолдас, Отанымыздың игілігі үшін Сіздің көл жасауызызға тілекtesпін.

Оңтүстік Қазакстан облысының Шәуілдір ауданындағы «Ақтөбе» колхозы, француэла күрестің дүниежүзілік чемпионы

Қ а ж ы м ў қ а н.

«Социалистік Қазақстан» 29 сентябрь, 1914 жыл.

I. АЛЫН ДЕНЕЛІ АДАМ

Улкен көк атқа жегілген женіл арба Қазықұрт тауынан батыс жақ бектерімен, Шімжент — Таңкент өрасындағы тас жолға карай ойынып, журіп келе жатты. Атты айдап келе жатқан он үш, он төрттегі жас бала, орта таяу, арбадың дәл ортасына, жалласын күра отырған алым бейне, жанына келгешше кісі екенін айырғысыз бір адам. Арба женіл де болса, елу шүт жүкке шабары шыдарлық мықты еді. Оның үстінде қалбыыйп көрінгендей көлемді жүк болмаса да, салматы өдөуір болатын. Ат айдауды бала мем үсак-түйек темірді есептемегендегі үлкен кісі бір жүз жынырма екі килограмм, қыскалау сибы бар балға он алты килограмм, арбадан тұмсымы шығып келе жатқан рельс екі жүз сексен сегіз килограмм, әркайсыны он килограмм келетін бір буда шыбық темірлер, сондай темірдік бірнешеуі қылқа-жыйқасы шығып, бұральып қалған; олар да соның үстінде. Шыныжыр, шынра, тақтай тағы-тағыларын қосқанда, үстіндегі екі адамнан басқа, көлемді жүк көзге түспейтін арбада жарты тоннадан асатын ауырлық бар еді. Қос аттың жүгін тартатын көк ат болмаса, жай атқа бұл жүкті сүйреп журу жыны да еді.

Көк аттың бұл жүкті дамылсыз сүйрекеніне ай жарынан аса уақыт етті. Шыныжыран шілденің аяғын ала, оны көле жатқан беті Шімженттен шығып еді, Шәуілдір,

Шаянды, Арыс, Бадамды, Макта-арал, Қироғы, Сарығаш, Қелесті, Бостандық, Қаратасты аралап, Қазықүрт колхозына коңып, Шарапханаға ат шалдырып алыш, Шімкентке кайта оралайын деген беті осы еді.

— Ата, жолдың айрығына да жақындасты. Шарапханаға соғамыз ба? — деді бала.

Улken кісі жанбасындағы кенеп қаптың бұрышын баржыйған бармағымен мыжғылап қойып.

— Балам, мына бір шөбі бар тәмпешікке бұрылши. Атты шалдырып, қапшықтағыны санап көрейін. Мәлшерге келсе, Шімкентке тіке-ак тартып кетейік.

Бала айтқан жеріне бұрылыш, атын доғарды. Улken кісі арбадан қапшықты алды да, брезент шекпенін төбешіктің үстіне жайды. Қапшықтың аузын шешіп, сілкіп жіберді. Жабагы жүндей түйдектелген қағаз ақша шекпеннін үстіне төбе болып үйілді.

— Эй балам, мынау ақшаның жұз сомдығын бір бөлек, елу сомдығын бір бөлек, үсактарын өзалдына шығара бер. Мен санап, буа берейін.

Ақшаның іөпшілігі жұз сомдық еді, үзақ отырып санап, он мың сомнан буа берді. Буманың он бір бөлегін қапқа салғанда бес мың сомдай үсак ақша қалды.

— Балам, осыны орамалына түйіп, шешене апарып бер. Інілеріннің керегіне жаратсын... Балам, сен жазуды жаксы жазасын ба?

— Жазамын, ата.

— Қалам, қағазын бар ма?

— Бар.

— Қағаз, каламынды ал да, сен жаза бер:

«Елімнің көркі, өмірімнің өркені, еңбекшілердің көсемі, бауырым Сталин! Қазақ халқының жетпіс бес жастағы палуаны Қажымұқан Мұңайтпас үлынан тұысқандық, жолдастық тілек. Қаныпезер қараниетті жаудың елімізге тиіп, гүлденген еңбегіміздің тышын көтірге-ніне екі жыл толып, уш жылға айналып барады. Қанды майдандағы қаһарлы үнінді күнде есітеміш. Қанды



ҚАЖЫМУҚАН

иң үшін төгетініміз де түсінікті. Қазақ халкының ерікті ел болуына көмектескен орыс халқы өрттің жалынына түсті. Украиналық жаңайысқан досым Поддубныйдың елі де жау төбіндеге жатыр. Ұлы елдің жау жолына бөгесіні болмаса, ол өртті біз алдақашан көрген болар едік! — «Жауды жену үшін жаныңды сакта, жаныңды сактау үшін жаныңдағыны сакта!» Майдандаты ўл, қызының жеңісі үшін қасымдағы ата, аナンЫң, қарынлас, інінің үздіксіз еңбегік көре отырып, мен де жай отыра алмадым. Жетпіс бес жасында айыр үстап, шемеле көтеріп, қырман басқаным олқы көмектей көрінді.

Менде басы артық мал, күнды мұлік өмірі болып көрген жок, қандай бағалы қазнадан болса да қымбат күш болды. Соның арқасында — «Әлемнің палуайы!» деген ат алдым. Менің сарқылмас қазнам — халық. Суалған көлдің жалтырындағы күшімнің сарқындысын көрсетіп, жүз мың сом ақша жыйнадым. Самолётпен келген жау— самолётпен жойылоын! Қартайғанда жалаңаш кеудеме тас сындырып, иығыма рельс иіп, тісіммен жүкті арба сүйреп, қыртыстанған шекемнен ацы тер шығарып тапқан каржыма бір самолёт соктыр. Отан соғысының ержүрек армиясына мінгізген атым болсын!

Тілегімді қабыл ет. Көп жаса, Сталин!

Осы хатты жаздырып, қайталап оқытып, тез қалтасына салды да:

— Балам, атыңды жек. Шімкентке тіке тарт. Бұл акшаны баянкіге өткізейін, — деді.

Менің бұл әңгімеде айтайын деп отырганым — осы кісінің өмірінен бірнеше үзінділер.

II. ҚАР КҮРЕГЕН БАЛА

Ақпан-қантардың сақылдаған аязы. Қыламықтап қырау үшкіндалап, барлық заттың сыртына мұздан сауыт қытізіліп тұрды. Қызылжар қаласының орталық көш

сіндегі бір жорада, үлкен сарайдың темір қакласы кең ашылының, ішінен «наутиллаған» дауыс естіліп жатты. Бұл саудагер Иван Ногіттің қоймасы еді. Күзде сойылған мәлдүң еті мен майы енді ішкі Россияға женелтіліп жатыр, оны тасу үшін 60 пар ат-шана жұмысайтын кіреші бай Масликов кіресін алым еді. Оттың пүт май құйып қатырған кеспекті он адам жабылып, орнынан изозалта алмай жатты. Сарай ішіндегі дауыс солардың үні.

Кораны басқан қарды күреуге жалдаған 15 — 16-дағы жас бала, сарайға кайта-кайта қарай берді.

— Сен онда неге шарайсын? Қарынды күре де, ти істі тыйын-тебенінді алым, құры. Саған қандай тамаша, сарайдың есіғіне қарай беріп...

— Сен балдырламай маган айтшы, сонда не істеп жатыр?

— Тау көтеріп жатыр.

— Сонда, сарайға кірген тау көтерілмей ме? Шуылдан басымды ауыртты. Өздері адам ба, шайтан ба!..

— Охо-хо! Мынаның сезі отыз пүттеган гөрі ауыр екен. Жібер сарайға, көтерілмей жатқаның не екенін көрсін, деді тұлымпты көмілтіп киіп, қақпа әузүнде тұрған саудагер.

— Ей, бар енді. Мырза көрсін деп тұр.

— Көрсе кемеңе?.. — деп кар күрегем бала есін алдында тұрғандарды жаңбактай қактырып, сөндей соктырып, қаға-маға сарайға кіріп келді.

Басқаны бүрліктірген аяз, оған шыбынсыз жаз сыйкты. Үетінде маңталы жыртық шашам, шолғабын беліне қыстырып, бас киімін қолына ўстал, сарайға кіріп келді. Тұрған орнынан жарты кездейған жерге әрең жылжыған кеспектің қасына тоқтады.

— Көтерілмейтін тауларын осы ма?

— Саған қалай керініп тұр?

— Тау дегенге тәнзырқасам, су шелектей-ақ ыдыс кой, он кісі жабылып, қаланы жаңғырыңтырып жүргеялдерің! Шанаңды есік алдына экел, бай.

— Көні жөрөйік қүшінді,— деді іргеге қарай ысырылған екі мырза.

Бала еңкейе беріп, кесспекті иығымен қағып жіберді. Астына салған ломдар мем када ағаштар шатыр-күтір қыйрап, отыз пүт тоғтай үршыктай дөңгелене жөнелді. Шой табая екі завод атын жеккен жүк шалага қалай барып түсіп қалғанын, түрғандар сезбей де қалды.

— Ей, мынау адам емес шығар?

— Енді кім?

— Бір жақтан келгей дыю ма, пері ме, бірдең шығар...

— Не де болса, он кісі көтере алмағанды бір өзі көтерді, жарайды! Міне, саған елу тыны,— деді ғарайдын кожасы.

— Жыйыржа тынын мен берем,— деді Масликов, кен барқыт шалбарының қалтасына баржыйған сөміз қолын сұғып жатып.

— Сен енді байыдың. Қар күрсегеніңе тынын алма,— деді қораны күретіп жатқан жамбашы.

— Былшылдамай он бес тынынды әкел! Мен бай кісі емес, сол маған тамақ болады. Жетпіс тыныяды әкеме берем,— деді жалпақ қайын күреклен шөмелейлеп, қарды білік қорадап асыра атып жатқан бала.

— Масликов, сен мына қәзекті қолыңда түсіріп ал. Қірекешіңе мүндай адам керек кой. Ол реті келгенде жынырма кісінің жұмысын істейді.

— Өзім де ойлат түрмени. Бірақ, ол жынырма кісінің тамағын да іshedі гой.

— Немене? Саған үсіген картоп пен сасыған балық жеткей ме? Бере бер астырып.

Бала қарын күреп болып, тынынып алған сон, Масликов қайын дәптеріп алып, балаға:

— Сен қайдаң келдің, ә?.. Мен білем, сен Қызылжардікі емес. Қай болыстан? — деді.

— Ақмола облысы, Сартерек болысы.

— Экеңнің аты кім?

- Мұңайтпасов Қажымұқан
- Жарайды. Сен саған жігіт боласын, дұрыс па?
- Не бересін?

— Мен саған бәрін берем. Тамақ менікі болады. Сенікі киім жоқ, киім берем. Мына үлкен жігіттерге қандай айлық берсем, сондай айлық берем, — айың бір сом сексен тыйын.

— Ей тамыр, оның аз фой. Рас, мен жұмыс іздеп келдім. Эжем, әке-шешем бар. Қедей кісіміз. Ең болмаса, менік тапканым солардың қант, шай, нанына жетегін болсын, аздап қосынқыра.

— Менен өбасқа кісі саған сексен тыйыннан артық бермейді. Мен сені аяп, үлкен жігіттерге беретін айлық беріп тұрмын.

Бала ойланып тұрып, тұрып: — Жарайды, — деді.

Қелешектегі әлемнің (дүние жүзінің) палуаны Қажымұқан Масликовка осылай келіп, жалшылыққа тұрды.

III. ТЫШҚАННАН ПІЛ ДЕ ҚОРҚАДЫ

Қажымұқан, Масликовтың үйіне келген күні, жалпы кіреші жалшылар жататын жатақханаға орналасты. Сабан тесселіп, пеш койған сарайдың бір бұрышы тиді. Сонда түнеп шықты. Ертеңіне қожасы Қажымұқанды өз үйінің ауыз бөлмесіне шақырып, отыз пүт кесспекті доп қылыш домалатқан дауді өзінің қатын-баласына, қонақтарына көрсетіп, оның көп жігітінің бірі болғанын айтты. Күшті балағы айнала карасып, бойын аршындал, салмағын өлшеп, Мағликовтың кереметтей етіп айтқанына сенбеді.

— Бұл қалай отыз пүт көтереді? Бойы екі жарым кез, салмағы 200 жадақ. Рас, мойны, қол-аяры жуандау. Бірақ отыз пүт жүкті көтеруі мүмкін емес,— деп, есепшісі өзінің өгіз өлшеттін есебін айтты.

Өз сөзін қостамағанына Масликов та ренжіп:

— Жарайды, сөндер сенбей-ақ қойындар. Мұңайтпасовтың кереметін кейін көрерсіндер, — деді. — Ал, бала, қалай үйкітады? Жатақхана жылы ма екен? Жігіттердің арасы көнілді болар? Олар домбыра тартады, өлең айтады, карта ойнайды. Шынында да, біздің үйден сеидердің жатақханаларың қызы...

Қажымұқан біртүрлі қөңілсіздік кейпін көрсетіп:

— Кожайын, мен оншалығын білмеймін, түнімен үйкетағаным жок.

— Неге?

— Ішінде үрыс, жанжалдары көп екен. Тағы бір бәлесі — төсеген сабанның арасында тышқан бар екен. Сонан үйқым келмеді...

— Сонда, сен неден қорыктың? Олар жанжалдағанда саған не қылады, төртеу — бесеуі жыйылып отыз пүт болмайды, лақтырмайсын ба, шетінен...

— Жоқ, айта көрменіз... Эжем (әжесі — Мұңайтпастың шешесі, Айсары деген кісі, атақты батырлардың бірі Лұктің қызы) үрықсан жаман болады деген. Менің тәбелеске, шуылдан сөгісіп жатқанға жаным қас.

— Ал тышқаннан қорыктың ба? Неге үйкітай алмадың?

— Тышқан жаман той, олардың шыйқылдаған даусы естілген жерде мөнің үйқым келмейді. Эжем: тышқаннан піл де коркады дейтін.

Масликовтың үйіші, өзі қосылып карқылдалап, көздерінен жас ағып құлді...

— Міне, отыз пүт көтерген палуан!.. Тышқаннан баска неден қорқасын?

— Онаң басқа ешнәрседен қорықлаймын.

— Қасқырдан ше?

— Ой, тәйірі, қасқыр, аю, қабан дегендер — ит емес де? Иттен кісі қорқа ма? Тек мына, тышқанның шыйқылдағаны жаман...

Кожасы үйінімен тұлғап-құлғап, Қажымұқанды асүйінің ауыз болмасын жататын етті де, өзіне екі ат, бір шана берді, отын өхеліп тұру жұмысын тапсырды.

IV. ЖАЛУ СҮЙРЕГЕН ШАНА

Сағаттың тіліндегі айналған күн өте берді. Қажымұқанның қарагайды қамыстай қаусатып, қолымен тартып құлатқаны, талай ауыр жүкті жалғыз тиегені аныз болып айтылып жүрді. Челябинск, Казан, Уфа, Самараға бірнеше рет барып та қайтты. Бойы өсіп, буыны катып, он сегіздегі жігіт болды.

Қыс ортасы ауып, февральдың ішінде, Қызылжар айрықша сұytты. Масликовтың үйіне отын да, шөп те шақ келмеді. Ауыр жұмыс қайда болса, Қажымұқан сонда жұмсалу әдетке айналды. Айдың аяғына таман ішкі Россияға кеткен көліктер келіп, қаладан жыйырма шақырым жердегі шөпке Қажымұқанның қасына тәрт шана косып, бес көлік жіберді.

Масликовтың үйінің Қажымұқанның ауыр мінезі, тілалғыш, тәртіптілігі қатты ұнаған еді. Ол қандай жұмыс тапсырылса да орындал қелуіне әбден сенді. Сондықтан:

— Коля, (оны Масликовтың үйіні Қажымұқан деуді қызын жөріп, «Коля» дег атап жетті) имүмкіндігін болғанша шөлті тез жеткізуге тырыс. Басқаларға қарамай, шебінді алдымен тиеп ал да, келе бер. Жолдан келген аттар тілін тістеп аш түр, — деді қожасы.

— Жарайды, — деді Қажымұқан.

Түн ортасы ауа жүріп кеткен шөпшілерге жар басқан соққақпен журу ауыр болып, аттарын болдыртып, түсте шөпке әрең жетті. Қажымұқан жақсы деген екі атты таңдал жексе де, ауыр жол аттарын болдыртып тастады. Аяз сорып, әлсіреп келген жігіттер қарға көміліе, тәбе болған шөлті көріп, үрейлері үшты. Оның қарын

аршу үшін, бір күн керек сыйкты. Жолдастары қарды қай жағынан ашып, шөпті қалай тиесу керегін кенесіп, әртүрлі тәсілдерін айттып, көп тұруға айналды. Оған дәті шыдамаған Қажымұқан шөптің шеті көрініп тұрған бір бұрышына келді де, арасына бастырыкты ырғап-ырғап кіргізіп жіберіп, иғымен көтеріп таставады. Шеп-мебімен үйілген қар түндіктей төңкөріліп түсті.

— Ой, мынау не істеді веі?! — десті, қалай ашып алудын амалын таптай, есі шығып тұрған жолдастары.

Оған Қажымұқан жауап қайырмады, бастырыкты тағы бір сүғып екінші көтеріп тастанда, үйілген шөптің жартысы ашылып қалды. Бір айыр шөпті аттарының алдына аттарып салды да, шанағын доғарып, сүйретіп әкеп, шөпті тией берді.

— Ей, сен не істеп жатырсын? Қембе қарға атты қалай әкеп жекпексін? Батып кетеді ғой, — десті жолдастары.

— Менің оны өлшеп, ой таусуға уақыттым жок. Қожайын айтты, мен шөпті тез жеткізуім керек. Осыдан басқа маған түктің жерегі жок.

— Мына күргік қар атты көтере алмайды деп тұрмыз ғой.

— Атты көтермесе мені көтереді! Менің атка шейін сүйреп баруға мұршам желеді ғой деп тұрмын.

— Соны қойши, наң жет, әл жыйнайық та, соңан چейін қалай тиеп алуды ойласармыз,— десті сұнған бойларын жылдықталы, беттерін уқалап, колын колына соғып жүрген жігіттер.

Жолдастары жандарын жеп болғанша, Қажымұқан шөпті таудай қып тиеп болығ, бастырығын тартып, терте-сінен үстап, итшанадай сүйретіп, аттарының қасына аларды да, нанын жеді.

* * *

Қажымұқан атын жегіп, жеті — сегіз шакырымдай шыкқаңда, карсы алдынан боран соға бастады. Үйе тиел-

ген шөпкөң күркән карлы жел ернеүін көтеріп, өнменіңең итергендегі болып, аттың аяғын қыя баскызыбады. Аттардың жүргенінен тұрғаны көбейді. Құн батып, дүлей қаранды тұн басты. Қажымұқан шананың жетегінен сүйрелеп, атқа көмектесті. Айыр шанышып, артынан да итеріп көрді. Шекеден акқан тері өніріне тамып, қеклеңбек мүз болып қатып жатты. Қалаға жеті шакырым қалғанда, бір әт аяғын басуға мұршасы келмей, төрт аяқтал тұрып алды. Ыза кернеген шөпші, айрыны шананың артына көмейлете шанышып, үрінді қарға көміліп тұрған шананы итеріп жібергенде, ортадағы журе алмай тұрган ат бүктетілген бойынша шананың астына шалқасынан түсті. Жанына жеңкен ат қайрылып, сыртқа шығып кетті. Қажымұқан шананы кейін итеріп, астындағы атты босатканша, ол өліш те кетті. Шөпте біраз демін альп отырды да, өлгөн аттың колдауынан делбені салды да, кеудесін көтеріп, шөптің бастырығынан байллады, басы көтеріліп, салбырап тұрған бекесін иығына салып тұрып, шананың үстіне лактырып жіберді. Өзі белкетерме қайысты шанаға байлап, қалған атқа пар болып, шөпті сүйреп, қаланың шетіне шейін алып келді. Қалаға кірген соң, ол атта аяғын басудан қалды. Оны шананың артына байлай салып, өзі сүйрей берді. Ел тұрып, қорасының қарын күрей бастағанда, адам сүйреткен дәу шана шөп, бір атты үстіне салып, бір атты артына байлап, Масликовтың қорасына кірді. Бұл алып жүштің жім екенін білу үшін, Масликовтың қорасына желгеншө ондаған қала адамы шананың артынан ерген өді.

Төбедей болып, үйіле тиелген шөпті шана қорага атсыз кіргенде, Масликовтың үйінші, жалшы жігіттері үрейдегене далаға шығысты.

— Ойбай, ат қайла?.. Иттің баласы,— деп жан даусы шыкты байдың.

— Шөп те, ат та шананың үстінде, кожайын, далада қалған ешиәрсө жок, — деді бала.

Кожайын өлген атты көріп:

— Шақырындар городовойды (Қалада тәртіп сақтайтын полицей). Мына шошқаға акт жасасын,— деді.

Екі городовой көліп:

— Сүйрет шананы, шөп, атымен! Полицеймейстерге (тәртіп сақтаушы саяси басқармашының начальнигі) алым барамыз,— деді.

Үсті-басы термен буланып, аппак қырау басқан Қажымұкан, үстіндегі өлген атымен шөпті сонда сүйретіп кетті.

V. ҚӨПТІҢ ҚӨМЕГІ

Қажымұкан полицеймейстердің кеңсесіне қарай шананы сүйрәй жөнелгендे, оның соңынан қаланың үлкен-кішілі жүздеген адамы шұбап бірге кетті. Городовайлар оларды серпілту үшін қаша түсін суытып жекірсе де жүрт оны елемеді. Балалар үрінді карды қайыстай тіліп келе жатқан шананың артынан итерісіп, Қажымұканың ауыр жүгін женілдете түсті. Корага жақындаған соң, городовайлар шананың жанындағыларды куып, кеңседегі бастығына кірді.

Бастық маңыздынып, есік алдына шыққанша, шана сүйреген Қажымұқан полицеймейстердің корасының қасына тақалып қалды. Үйе тиелген шөптен сүйреген адам көрінбейді. Боран үрлеп, ақ карды тықпалап тастаған шөптің үстінде аяғы сөрейіп, ат жатыр. Шананың айналасында, орқояндай ойнақ салып, балалар жүгіріп жур. Колдарына шелегін, күргегін ўстаған әйел, еркектер шана сүйреген адамды көріп қалуға үмтүлыш, аяқтарын жүгіре басып, мойындарын созады. Бастық көше толған кіслерді көрді де, шошып кетіп:

— Бұл не үшін қантап жүргөн адамдар? — деп, жанында тұрған городовойға қарады.

— Ұлы мәртебелі мырза, езініз білмейтін не бар?.. Еріккен ел жаяу шана сүйреткенді кызық көріп жыйналғаны гой.

— Неге қумайсындар бўларды?

— Кууын кудық, таксыр. Бірақ кусак корасына жіре-ді де, қасына кіслерді қосып алыш, қайта жүгіріп шы-гады.

— Күшшар! Қазір тараасын! Шана сүйрелкен қазақ та қызық бўлар үшін. Тарт! Шананы қорага кіргіз, — деп бастық, кенсеге кірді.

Қажымұқан шанаасын сүйретіп, полицеймейстердің корасына кіріп кетті.

Кораның есігі жабылған соң, екі городовой жыйналған адамдарға:

— Жауырындарынды мына дойыр тілсін демесендер, тараандар! — деп қолыңдағы қамшысын көпке көрсетті.

— Онынды бізге неге көрсетсін? — деді біреу.

— Неге кетпейсіндер? — деп городовой мұртын тікіретті.

— Қызық көреміз.

— Қандай қызық?

— Біздің Петербург, Москвадағыдан театр, циркіміз жоқ... Жаяу шана сүйреткенді көрсек те қызық. Қошеге жыйналған елге сендердің бастықтарының әкпесі қысылып тұр ма? — деді бір тігінші.

— Ей, мұртынды сымбак, жаңағы шана сүйреткенді бері шығаршы! Сенің көшесінде бізді көтере алмаса, өзіміз үйімізге апарып көреміз. Мұртынды несіне тікіреттесін!.. Онынды күнде кіріп журміз ғой, — деді базардың орнын салыпратын карауылшы городовойға жақындей түсіп.

— Енді тараандар. Ол бўл қорадан шықпайды.

— Неге?

— Ни ишлап?

— За что? — деген дауыстар жамырай шықты.

— Ол қазнаға пайдасы тиіп тұрған Масликовтың атын өлтіріп, шанаасын сындырып отыр.

— Е, Масликовтың бай түсейін деп, дамыл тапқызбай айдатып, тытығына жеткізген аттары жылда қырылыш жатады ғой! Өлгөн атын жалшыларына төлеткізеді.

Урып, ўрсып, жәбірлейді! Боранға ұшып еліп, жарымжын болған жалшысы аз бағ Сендер соны қораларыңа неге камамайсындар? Кеше шөптек кеткен бес көліктен шөпті жаяу сүйретіп, біреуі ғана келді. Қалған төртеуін кар басып, далада қалды. Аты түгіл, адамы да қырылып қалған шығар. Городовойлар, оны неге іздемейсіндер? — деп біреу дүрсे қоя берді.

— Кетпендер! Босаған соң дәуді алып барып, тамашасын көреміз. Отыз пүттық кеспекті қақпақыл ғып ойнайды дейді. Үйдеги қарағайды аяғымен теуіп сыйндырады дейді... Сонысын көреміз, — деп даурықты біреулер.

— Бастық қайда? Бай: ат қырылатын болды, шөпті қайтарсын деп жатыр, — деп екі ат жетелеп, Масликовтың бір жігіті келді.

Бастық тарамай түрған көпке қабағын шытып, өзі шықты.

— Мырзалар-ау, түсіну керек қой... Сіздерге тарқа деген, тәртіп берілді. Неге тындалмайсындар? Қоңіл қалдыратын қылық осындаидан шығады енді.

— Полицеймейстер мырза, қоңіл қалдыратындаи көпшілік не істеп түр? Өз аяғымызбен қар басып түрмұз. Оның салмағы кімге түскендей?..

— Бұларға үқтырудың өзі бір жұмыс, — деп сұыққа шыдаматтан бастық даурығып, әлденемене айтып, ішке кіре бергенде, Масликовтың қамбашысы келіп:

— Тақсыр, шөпті шанағымен қайтарсын деп, бай ат жіберіп еді, соған рұқсат етсеңіз...

Көпшілікке құрсанған ашудың шарпуы оған да тиі.

— Мен тергеп, тексеріп, акт жасамай, ешнәрсені қорадан шығармаймын!

— Тақсыр-ау, аттар аштан өлуге айналды!..

— Масликовтың өзі өлсе де, айтқаным айтқан! Атымды өлтірді, тексер деген өзі. Тергеймін енді, — деп бастық ашумен есікті тарс еткізіп жауып, ішке кіріп кетті.

Балалар полицеймейстердің қорасының жан-жағынан асылып қарал:

Северо-азиялай
ОБЛАСТИ ЕНДІРІСІНА

— Эне, шанаңың дөл ортасында түр. Өзі қардым үстінде жалаңбас отыр... Эне, тұрды.. Кенсеге кіріп барады, — десіп шулады.

Городовойдың біреуі, елді тараталмаған сон, солардың «дәу» туралы өнгімесіне өзі де араласты. Өзгелердің өлшеусіз мақтауына бұл есепті дәлелімен араласты.

— Бұл, шынында дәу... мына шөп кемінде қырық пүт. Арасына кірген қары бес пүттан қалай кем болар екен?.. Ал анау ат он бес пүт қайтсе де болады. Сонда 60 пүт жүкті жеті шақырым жерге жаяу сүйрекені ғой. Тегі жай бала емес,— деді.

Бастық кенсесіне кіріп, Кажымұқаннан жауап алды.

— Сенің Масликовка жұмыс істегеніңе қанша болды?

— Уш жыл.

— Жасың нешеде?

— Оны білмеймін, әйтеуір жылым түйе...

— Түйе деген немене?

— Түйе — түйе. Малдың ең үлкені.

— Оның жаспен қайдай байланысы бар?..

— Казакта сондай жас болады: сыйыр, кой, жылкы—бері бар...

Ешнәрсеге түсінбеген полицеймейстер:

— Далада тұрғандардың ішінде қазақ бар ма екен, шақырындаршы бермен, — деп, есік алдында тұрған городовойға бұйырды.

Ол таяқты ақсақалды ертіп кірді. Полицеймейстер картқа қарал:

— Мынау: «жылым түйе», дейді. Осының жасы сонда нешеде болады? — деп сұрады.

· Карт Қажымұқанға қарап:

— Түйе жылға ілінбеген. Жылың тышқан шығар.

— Айта көрмөңіз, ақсақал! Тышқаны күрьисын! Эжем: «жылың маклұқтың ең үлкені», деген. Түйеден үлкен маклұқ бола ма? Соны айта салып едім.

— Ендеше жылың ўлу екен. Ўлу деген — балық. Ба-

лыктан үлкен маклұқ болмайды,— деді де, шал есептеп.
— Мұның жасы он сегізде,— деді.

— Жарайды, бара бер,— деді бастық шалға. — Ал жұмыс істегеніңе үш жыл болыпты. Масликовтың сонан бері наше атын өлтірдің?

— Осы шөптің үстінде жатқан ат. Мен ешуақытта ат өлтіргім келмейді.

— Енді қалай өлді?

— Масликов шөпті көп тие, деді. Көп шөпті тарта алмай, ат тұрып қалды. Мен шананы итеріп жібердім. Шананың астына түсіп, өліп қалды.

— Ат қалай астына түседі?

— Атынды ана шананың алдына қой. Мен шананы итеріп, қалай түскенін көрсетейін.

— Е... ғе? Сен менің атымды да өлтіргің келген өкен, ә? Мен саған көрсетермік атты!..

Есіктен сөйлей, тұлыпка оранып, кеңсеге Масликов кірді.

— Аттарымның ішіндегі асыл тұқымды ең жаксы атым еді. Россиядан әкеліп, Шарафиддин мырза сатып еді. Быйыл жасы он алтыда еді. Баланстағы күны бір жүз сексен сом еді. Жалшылықлен өтеуге бүл иттің өмірі жетпейді. Қалай болады? — деді.

Байдың бетіне тесіле бір қарал, бастық Қажымұқанға:

— Қөрдің бе? Байлар атының жасына шейін біледі, ал сен өз жасынды білмейсін. Қай жасында қандай жұмыс істегенді біреу сұраса, қалай айтасы?..

— Оны білем рой. Ана бір жылы өрісте өлген өгізді үйге көтеріп әкелдім. Сонан бір жыл кейін, күдикхана түсін Күтпағының түйесін шығарып бердім. Быйыл байдың шөбін, өлген атын үстіне салып сүйреп, үйіне, онан осы кеноеге әкелдім. Бұған жас санаудың не керегі бар?

— Қой ол былшылынды!.. Полицеймейстер тақсыр, мұнан атты өндіріп бересіз, — деді Масликов.

— Жалақысынан үста;

— Айлары бір сом сексен тынын, оған мұның өмірі жетे ме? Мен пәлен жылды күтіп отырамын ба? Оған шейін бұл шайтан, барлық атымды қырып бітіреді гой. Үйінде малы болса, әкеліп беретін болсын.

— Үйінде мал бар ма?

— Малым көп...

— Кепіл алатын адамың бар ма?

— Кепілдің керегі жок. Өзім өтірік айтпаймын.

— Далаға шығып, мына тұрған кіслердің ішінен тауып беретінің бар ма? Кепілсіз болмайды.

— Даладағының бәрі жепіл болады.

— Қалай, бәрі қалай?

— Далаға шығарып көрейік. Даладағы қазақтың біреуі таныйтын шығар, — деді отырғандардың бірі.

— Мұны тануын таныйды. Маган ат төлейтін адам керек, — деді Масликов.

— Борін табамын. Тек далаға шығайыж, — деді Қажымұқан.

Қажымұқанның далаға шығуы-ақ мұн екен, күтіп тұрған ел нешетурлі тілмен айқай салысты.

— Актысын жазып бітті ме? Бері кел, ортамызға. Көрейікші өзінді, — десіп, қолынан ўстаган бойымен, көпшілік ортасына алып кетті.

Кеңесден алғып шыққандардың әкімгершілігі мен байлығы аяққа басылып, елең қылған жан болмады.

— Ей, ей... кепіл керек оған. Масликовтың атын төлеу керек, — деді полицеімейстер.

— Нениң кепілі?

— Атты төлейді.

— Оған кепілдің керегі не?.. Күнімен соған бола ўстап отырғанша, әлгіде айтсаныз еді. Тарыдан тау, тамшыдан теніз түргызған көп емес пе бўл? — деді біреу.

— Аты қанша тұрады екен?

— Бір жұз сексен сом...

— Шығарындар бір сомнан! Аты түгіл, Масликовтың әкесінің құнына жеткендей ақша жыйналсын.

Жұзедеген қол қойын-жоншына сұзынып:

— Мә-мә! — десті.

Бір уыс ақша **Масликовтың** үсініла берді.

— Осындай мейірімдерік болмаса, ел деп кім айтар еді!.. — деді бір жарт.

Ақшавы қолына үстапсан біреу **Масликовтың** қолына санап беріп, атама төлектеніне тілжат алды. Қалған ақшаны қолына үстап, Қажымұқан және төлған көлшіліктің ортасында кете берді.

VI. ҚАБАН КӨЛДЕГІ КҮРСЕС

Қазан қаласының үлкен мерекесі «Сабан той» (соқа-ның біткен тоғы, жазды қарсы алу) жыл сайын «Қабан көлде» өтетін. Бұл мерекеге Қазан төңірегіндегі селолар, ауылдар, Самара, Екатерина, Уфа, Златоуст қалаларынан да кіслер келіп, жарменкеге айналатын еді.

Алыпсатарлар, ас пісіретіндер, ағаш шауып, аяқ-табак сататындар, дүғалық жазатын жолдалар, баксы-баллерлер, дүкен ашатын көпестер, жатурыны жөрге тимепен палуандар, ат шалтыратын бәйгісүмарлар, адам алдайтын жөз байлаушылардың аяқ жетер жердегілері жыйналатын. Жылдагы әдеттімен солар түтег жыйналды. Сөнда сатылғатын малдың бір түрі болып, Омскіден айдаған саудагер Пресняковтың мындаған қойы да келді. Коймен бірге Қажымұқан да келді.

Көпшіліктің мерекесін қошметтегендей, жаз жадырап, күн тамылжыған ыстық болды. Ауылдан келген екі татар дәу деңеді орыстың жанынан өтті де, сейлеп келе жатқан сездерінің желісін өзгертуі:

— Міне, мұнъысы да желіп улғірген енді. Мұны қала! етіп жыға алар екен? Еділдің әмені сықты... Бірақ, көпшілік әмес ле? Біреу бел үстап күресер.

— Күрекенмен не шығады? Кім де болса жылдағы дай жығылады да: «Ей, мұсылмандар, давай, ақшала-

рынды ажел! Біздің Иван жықты», — дейді соғылған дуанбасы...

— Э, сары Иван осы ма еді, туған?..

— Настоящий өзі.

— Е, солай деңіз. «Сабан тойға» келушілер оның атын да үмытпайтын болды ғой. Оның қолы тиғен кім де болса жығылады... Откен жылы отырды, отырды да, куресетін адам шықлаған сон, дуанбасы: «Әжел ақшаны», деді. Жұз сомды алды да жетті. Бұл пакырдың өзіне бес-ак сом үстітты. Қалғаны дуанбасылардың қалтасына... Бұ дүниенің жыртқыштары мұның талқанын да қолына түгел бермеуге айналған.

— Ендеше быйыл да солай болады, ғайын; шығатын Иванның тері, талқаны — ит-құстың. жемі — деген осы!

— Энде, куресетін жеріне барды. Кел енді, барып, кызырын көреміз.

— Эй, менің барғым да желмейді. Бұл Иванмен кім куресе қойын, текке тұрып, уақыт өтеді.

— Кел енді, Иваның неше теңге алғашын көреміз. Ол да қызыл емес ле? Бұл ғарыптың «Сабан тойға» экелген байлұғы, сататын малы, ашатын дүкені осы күшіғана. Енді табысын көрейік.

Екеуі бірігіп, куресетін жерге келді. Қаланың балпаң басқан байлары, кебеже қарын көпестері, сарыала шеңді әкімдері, қуыршақтаң құбылтып, алған түсті жібекке белленген байлардың қызы, қатындары — асыл тас, алтын, күмісті құлак, мойын, саусағына сығылыстыра тізіп, шатырын жайып, олар да келіпті. Орталарына шаңырақ артқан түйедей қылып, цилиндр киіп, шалмаларын орапған хазрет, поптарын алып, екіге белініп тұрды. Солардан оқшаулау, барлық бала айналасын орап, Иван тұр. Ол, үстіндегі жөне костюмін шешіп, ішкі алабажақ майка, трусимен, куресетін тақырга отырды.

Қаланың екіге белінген адамы Иванға жақындал:

— Құрес басталды! — деген дауысы «Қабан көлдің» орманын жаңғыртып, арбалы, атты, жаяу-жалпылар сау-

да-саттығының уақытша жыйнастырып, жүгірісті. Дұнисеі мол магазиндердің сатушылары ғана калып, адамсыз қалған кішкене дүкеншілер, қайырма тақтайларын түсіріп, есігін құлыштай жүгірісті.

Жыйналған көпшілік қаланың бөлектелген екі тобын елең де қылған жок, тұтасынан біріге оралып, кимелей кіріп, жай тұрып терлеп, желпуіш қағазын тынымсыз айналдырып тұрган семіздерді қысты да, екі бөлектің жапсарын біріктіріп жіберді, ортада отырған Иван-палуанды көруге үмтүлды.

— Байғұс, бай болсан бұлай жүрер ме едің! Осы күшінді жұмысайтын орын болмағаннан келесін ғой, — деген дауыстар әр жерден шығып, біреу матастын, біреу әши-мұқа шайын, біреу бір қадақ қантын, біреу тенгесін апа-рып, алдына тастай бастады.

Көпшіліктің палуанға істеп жатқан жәрдемін көпсінді ме, болмаса һамыс қылды ма, терге малынып тұргандарды итермелей, дуанбасының тілмашы алаңға шықты да:

— Эй жүрт, кейін шегініндер! Дуанбасы: «Бұлай ету жарамайды», деп жатыр. Палуанды қурестіруіміз керек. Жыққанына сыйды мырзалар өзі береді, — деді.

— Городовойлар, тәртіпке шакырындар мына көпті, — деп айқайлады әкім.

— Мырзалар жыйналған ақшаның көбіне өздері сыра ішіп, азын Иванға береді. Біз күшімен күн көрген Иванның қолына беріп жатырмыз. Кәні, мырзалардың палуаны бар ма? Шығарсын біздің Иванға!

— Oho... Иван бұлардың болып қалыпты!..

— Е, енді қалай?.. «Ер ел үшін туады, ел үшін өле-ді». Мырзаларда ақшадан басқа не бар?.. Палуан да, жүйрік те, ақын да, ғалым да, шешен де, шебер де біладі-кі. Біз халықпаз. Енді қүресетін майдың көзелерің болса алып кел — деді біреу.

— Тап солай, дұрыс айтады! Иван өзі сыйқтымен жылда қүреседі. Енді байлармен қүресіп көрсін!

Көптің өндай өзілік мырзалар жауап қайтармады.
Әлдекіндердің атын атап, күресуге шақырды.

— Олар Иваннан жылда жығылады. Май жеген байлардан шақыр — деді шабаталылар.

Көп уақыт өтсе де, күреске шыққан ешкім болмады. Орыстар жағынан сарыала шөнгі дуанбасының жәрдемшісі шырыл:

— Хазрет әпендім, күреске шығатын мұсылмандының болмаса, бәйгіні берініз, — деді.

Аласа бойлы, әріп теруші Сымғат тұргандардың алдына шығып:

— Помощник әпендім мырза! Біздіңше, кәпір, мұсылманга белгеннен, байлар, пахырларда бөлінген қолайды сыйкты. Сондайстан бұлар — халық — күресетін кісіні байлардан сұрап тұр. Бұлар үшін кәпір, мұсылман бәрі-бір сыйкты. Күшті болса, Иван орыспен де күреседі. Солай ма, Иван?

— Давай — деді палуан орнышан тұрып.

— Тіпті дұрыс. Май жеген байлар мен тұздаған кыяр жеген Иванның күресін көреміз, — десін, халық шуылдады.

Тәртіпке шақыреан шөлициелер ілгері ынықшам елді кейін шегіндірді. Ешкім күреске шыққады. Хазрет нем поп біріне бірі жағындаған, бейге алысуга қала істеді. Сымғат дуанбасының жәрдемшісіне:

— Мырза, күресетін байлардан табылмаса, халықтан табылар. Сіздер ақша алуға асыктаңыздар. Міне, біз іздейміз, — деді.

— Сымғат зеби; 25 тыйындық шөлемектің қызыуғ кепке барыайды. Міне, қазір-аң, күлағынан қызырып шығып кеттій Уақытты босса еткісіп не керек?

Сымғат әлденелерді айтқысы келіп, бетіне қадалды да, айтпады. Көпке карап:

— Арайындар, біздіңі бейге алу үшін емес, тамаша көріп, көміл көтеру үшін. Иваннан күрес үйренем деген

талапкер бар ма? Жығашын демесен, күрес үйренем деп түс...

Иван «Сабан тойға» көлтегін елдің куреске түсінен түгел жығып болған еді. «Мен бар» деп ешкім шыға қоймай, әр жерде дәмелі кісілердің бетіне қарасты. Одар бураның санындағы бұлшық еті білеуленіп тұраған Иванға бір қараш, назарғаларын жерге аударды.

— Еділ бойында неғып Иван жалкы туды? Кәні; бар ма Иванға серік болам деген? — деп Сымғаттың даусы бұлшық шықты.

Қасқаққалдағы уақытқа тына қалған көптіңшімен біреу, кимелей алға шығып:

— Еділ тұмаса, Есіш тұған. Міне, мен бармын деп! — ескі түйе жүи шешілген, басына сырмалы шыт тақыя, аярына салтама етік қиген қара жігіт, алаңға шыға келді.

Оның күімді тұлғасы Ивандай болмаса да, соған же-те-қаба бар екен. Жыбын жат кісіге танырыжас қарасты. Шабынран арыстандай жай басып, қыса қаралған көзіне Иван да қаралды. Мұрты жаңа тамғалын жеңе жашқан жас жігіт, ешбір кобалжусыз қарал, еркін келе жатты.

Дыбыс басылып, аз вана тыныштық орналды. Жігіттің алдына Сымғат шығып, Иванға екі басып жететін жерде оны тоқтатты.

— Неге келесін, тұваным?
— Күресем!
— Э... Солай ма?.. Сабыр ет. Қайдан келдін? Қай үлтімеш?

— Ақмола, Есіл бойынан келдім. Қазақлыны
— Өзін әлі баласын ғой, неше жастасмы?
— Оң төркізға шықтым.
— Нешедемін дейді? — деген дауыстар айналған тұрған адамның бірнеше жерінен шықты.
— Жасы он тоғызыда вана, — деп Сымғат орынша, та-тарша айтЫП, айқайлады.

— Е... әлі бала. Обал енді... — деген бағу дауыстар естілді.

— Жарайсын, кісі екенсін! Еділ бойын түгел адақтап жыққан Иванмен, жыққасаң да үйрәншік үшін күресерсін. Сені жассынғанда күресетін ұлкеніміз қайсы?.. Жыққасаң да бәйге береміз.

— Сымғат, жығылғанға бәйге төлейтін қанша ақшаң бар? — деді дуанбасының тілмашы.

— Жыққан кісіге беретін мырзалардың қанша ақшаңы бар?

— Хазретте жүз, попта жүз, — екі жүз сом...

— Ендеше, осы бала жығылса да үш жүз сом берем!

— Ондай ақша сенін әкене де бітіп көрген жоқ еді...

Қайдан ғана аласын?

— Солай десен, жыққанына мыңды берем.

— Сөзді көбейтпей, қалтаңнан шығарып, үш сом ғана көрсетші езін.

— Міне, саған ақша. Неше мың сом?.. — деп, Сымғат көпшіл қарай қолын сермеді. — Эркайсысы жыйырма тыныннан бергенде, әлденеше мың болады. Мырзаларыңың екі жүз сомына әздерің арақ іш. Ибраї, Хути, Сергей, Якуб, Файзулла, Михайл! Ал ақша жыйнандар. Міне, менен бес сом. Малай палуан мен қарт палуанды күрестіріп, қызығын көреміз. Сыйды жыққанына да, жығылғанына да береміз. Халықтың сыйының қанша болатынын мырзалар көрсін!

— Аға, мен жығылу үшін куреске түспеймін. Белін бір үстаган соң, сақал сыйлап тағы жығылмаймын. Жыққасам, арам сыйды алмаймын да, — деді жас палуан.

Сымғат баланың бетіне кыйқая түрүп, тағы бір жарады да құліп, сөзін Иванта түсіндірді.

— Жарайды. Мұндай жүргегі бар баламен күрекеніме мен де арланбаймын. Айтқаны палуаның сөзі—«құш атасын танымайды!» деген..

Ілгері ентелеген қөвшілікті кейін шегеруші, тәртіпшілер көбейді. Алан қеніп, адам көбейе түсті. Поп пен хазрет бәйгекі алуды тоқтатып, күресетін кісінің кім екенін біліп алуға кірісті.

— Хазрет әпендиң, енді қалай болады? Бөлініп тұрамыз ба, бірге тұра береміз бе?

— Енді қалай... господин поп? Рас, мұсылманмен християн күрескен соң, әлбетте, бөлініп тұру керек.

— Құрасетін жағ қім, кай үлт екен?

— Қазақ.

— Хазрет әпендиң, есінде бар ма? Бір кезде екеуміз Россия халықтарының қайсысының қандай дінде екенин сөз қылдық. Соңда сіз: «Қазақ халқының жүзден бірі ғана намаз оқыйды, оның өзін де кітапқа сәйкес дұрыс оқымай: «Ақкөйдің келдесі, қара қойдың келдесі», деп бұзып оқыйды. Соңдықтан оларды мұсылман деп айтса да болады, айтпаса да болады», деп қазақ пен татардың айтысынан бір ауыз өлең де айтқансыз; маган түсінікті болу үшін, тәржымалап та беріп едікіз. Ол:

— Қазақта көп болады батыр деген,
Батырлар бермегенді тартып жеген.
Кешпелі ел, салып қойған мешіті жоқ,
Қазақты бір рауаятта көпір деген,—

деп едікіз. Мұндай діні белгісіз адам үшін жөсіне бөлінеміз? Рас, көпір екен, сеніңше ол да орыс. Екі орыс құресіп жатса, біздің бөлініп тұрганымыздың керегі жоқ.

— Болмаса, өзінен сұрап анықтайык,— деді хазрет.
— Ибадулла, біліп қайт.

Ибадулла көліп:

— Малай, жазарға керек... Сен қайсы дінде?

— Мен ондайынды білмеймін, қазақтын.

— Хазрет әпендиң, білми, — деп қайтып келді Ибадулла.

— Әлбетте, оқымаған кісі білмейді. Юрий господин, ол енді қазак болғаш һар халда — мұсылман, — дейді хазрет.

— Әпендиң хазрет, исламның шарифаты — сағаттың тілі сияқты қалаған жеріне койса, тұра береді екен гой. Мейлі, кім де болса құрессе берсін, — деді поп.

- «Фамилииңды айт, дуаңбасы жазып қой дәп жатыр,
- деп жәрдемші келді.
- **Кажымұған.**
- **Бұл, әкеснің аты ма, өз атын ба?**
- Экем Мұнайтас. Оны қайтесін? Күреоесін өзім, өзімді жазсаң болады.
- **Көңі, әзірлен, малай! Енді күреоесін.**
- **Мен әзір тұргалы қашап.**
- **Қиімді шештейсін бе?**
- **Мен кімді шешіп, су жашем бе? Осылай-ақ, күресе берем.**
- Оның болмайды. Мына Иванша шешіпіп күрес. Міне, сен кисін деп палуанға лайық майқа, шолақ, дамбал да алдырым,—деп Сымбат дүшеші бала алып желген, қағазға ораулы киімді үсына берді.
- Жарайды, қолына үстай тұр, палуанға арналған киім болса — палуаш болған соң киермін. Эзір күресе тұрайын, — деп, бурадай шабыншыл тұрган Иванмен үстаса кетті.
- Эне, Иван үшін бір секундтік іс. Ала да соға, — десті біреулар.
- Иданы, құдайым... сакла шул малайны! — деді кемпір.
- Эне, ілік сілкүінен қалды, шакыр, — деді біреу.
- **Малайдың белбеуі үзілді, — деді балалар.**
- Күшактады белім. Енді жетереді, — деді біреу.
- Узген темірдей қолын босатты, — деді біреу.
- Иван қымбасайды... жата, жата... — деді біреу.
- Иванның ақырғы әдісі осы еді: жата қалып, атып жіберегін. Оны кейбіреулер «жығылды» деп, босансып қалатын. Ондай адісті бұрын балалардан жөрген Кажымұкан қыйсая бергенде, белінен қапсыра күшактап, бексерін тізесімен қарып жіберді.
- Эні, Иван даңбекше жетеріліп, малайдың иығында кеттіл — деп, айнала тұргандар шу ете қалды.

Күшактаған колы сказылып кеткен Иваи бір — екі үмсінса да, колы Кажымұқаның беліне оралмады.

— Үр, жарбызша жерге! — деді бір шал.

Кажымұқан көтерген күйі төрт — бес адым бағты да, Иванды үйріп барып, тікесінен жерге қоя салды.

— Бала жыға алмады, — деді дуанбасы.

— Жыға алмаса, жығады. Қайта күрестіреміз, — деді Ибадулла.

— Мен жығылдым. Мен қүшіммен босағаным жок, бала босатты. Өзімнен күші басым бір жастың шықсаны үшін, мен бакыттымын. Жауырыны жерге тимеген Иван — жерге тимеген күйі қартайды. Енді мен күресті қойдым. Россияның күрметті әлеуметі! Мені жоғышлық көгендеп, палуандық ғылымның окуын оқытпады. Мүмкін, мен Еділ бойын ғана емес, дунғе жүзінің палуандың жығар едім. Енді мына жас құтті тәрбиелеп, соған қолын жеткізуғе көмектерінді сұраймын, — деді Иван.

Файзулла мен Сергей халықтан жыйналған бір қалта күміс пен бір орамал толған қағаз ақшаны Сымғаттың қолына бере берді.

Көпшіліктен оқшашау шығып, су жиегіндегі құлаған ағаштың үстіне катар отырған қос палуанның қасына, қолына елден жыйналған ақшасын үстап, Сымғат желді. Дүрмектің арасынан оза үмтүліп, оның артынан ере келе жатқан бір кемпір:

— Сымғат, кемпірлер жыйнаған сыйлықты ал. Ақшасы аз болса да, сақына жүзіктерін де берді. Беторамал, білесіктері де бар. Ал да палуанға бар. Улкен палуаның кемпірі, қызы бар шығар. Баланың шешесті, бауырлары бар шығар, — деді, түйнішегін Сымғаттың қолына үстапты.

— Мына менің де сыйлығымды қалдырма. Қыс бойы «Қабағ қөддегі» коймасын күзеткенім үшін, бай сыйлаған бешпент еді. Бер палуаниң біріне, ракатына кисін! деді, карт татар жара салған қамзолың үсынды.

Барқыт тақыя, уш — төрт аршың жыртпышты матада,

шеті бедерлі шыт орамал, толып жатқан ўсак-түйек заттарды күшақтап, шөкесінен тер тамшылаған біреу әкеліп, екі палуандың ортасына алып үрді.

— Міне саған, Сымғат, халық сыйы! Қайсысына берсөң де ықтыяр өзінде. Тағысын-тағы экеледі..

Көпшілік палуандарды орала жыйналғанда, мырзалар жүрттa қалын сынық қададай шошайтысып, бес-алты ғана адам қалды да, арбаларын шақырып, әлдекайда тараса бастады, Көптің қызығын көргісі келген жастарына көңілсіз көздерімен қысая қарасты да,  ыларына: «Айдà», — деп иек қақты.

Палуандардың алдын айналдырып, қоршалаған көтің арасынан мойның кішкене күй шанағын ілген, жұпның киінгөн, екі баласын ерткен қарт аланға шықты. Шалдың мойнындағы күй шанағы балаларды қызықтырғандай біртүрлі еді — көріп жүрген ән-күй күралының біріне де ўксамайтын, не тәрт бўрышты емес, не уш бўрышты емес. Әлдекандай жұқа тақтайдан иіп, көнмөн калтап, бетіне нәшеалуан сым, ішектен желі тарткан. Жиек-жиегінен бўрайтын тетігі бар. Оны қалай бўрап, қалай күйге келтіретін өзінен басқа кісіге тусініксіз болатын. Бірақ шалдың тарамыстанған кәрі қолы тигенде, сол ебдейсіз жабайы қурал куаныш, қайғының алуан түрлі үн ыргағына келе беретін.

Қарт ортаға келіп, күй сандығын қолына алды да, бўрын құлак естіп жаттықпаған жана күйін тарта берді. Соның алғашкы үні күрілдеген күннің, шатырлаған найзағайдың үні сыйқтанып келіп, ортасы уілдеген желдін, тулаған толқынның жақлар тастарға соккан шулындай, жойқын дыбысқа айналды.

— Бұл тартып отырғаның қандай күй? — деді біреу.

— Күш күйі.

— Жыры қайда?

— Онысы да бар.

Екі баланың жіңішке даусы қүй күралына қосарланған тайдай ілесе жөнелді:

Толғанса құштер,
Тұласа құштер,
Тұлайды тәңіз тасынып.
Толқынкан шындар,
Шыңғырып тулар,
Тауларды көме асылып.
Долданып дауыл,
Шымшадарды аұыр,
Колтыктап үшар биікке.
Күйінде жарлар,
Алайды сүмдар,
Арылып демі жиекте.
Құштердің құши,
Істердік ісі,
Адамнан асқан күш қане?!

Курратқан көлді,
Жайнатқан шөлді,
Өмірдің адам үстазы.
Еңбекші ерлер,
Төгілген терлер,
Өзгертер алем өнірін.
Адамдық құштер,
Раждайып істер,
Орнатпақ бақыт өмірін!..

Шақырайған қүнге қарал, екі көзін тарс жұмып, мұзыканың үніне балқыған карт аныратып тарта берді. Ол екі баланың қосылып түрган сарынынан шығып, әлдекандай сақылдаған күлкі, шартылда соғылған шапалақ сыйқты бір үнге басып, тарамыстанған саусақтары күй құралының бетіне тартылған көп ішектердің әр саласына бір жүгіріп, қыялы әлемнің аңғарынға самғап үшқан кырандай шарықтады. Сырнайшы шалды жанbastай отырысқан бірнеше қарттар терен ойға сұнгіп, кең дүниөнің үзак женерелеріне қарасып, сақалдарын сыйпап «ой-кой!..» десіп, әлдекандай булыққаш аңсауларының сыртқа шығарғандай болды. Ағаш үстінде көзін айырмай қадалып отыреан жас палдуан жакындал желіп, жанқалтасынан елу тыйындық күміс ақшаны қарттың алдына тастап:

— Күйіңіз жақсы екен.. бакытты болыңыз — деді.

Иван орнынан тұрмай-чақ жанындағы тозған қамзолыңық қалтасын кеуlep, бір сомдық күміс тенгесін лактырып жіберді де:

— Кен асылы — жер ішінде, өнер асылы — ел ішінде деген. Тарта тұс, қартым! — деді.

Агашка сүйеніп, шетжерірек тұрған қызметші киімді біреу, жақындаі түсіп:

— Қарт, әйбаттап миллат күйін тартып жібер, — деп жыйырма тының, күмісін екі балалық ортасына лактырып жіберді де:

Оны балалар шалдың алдына тастаймыз деп, тартып отырған күй күралының шашагына түсіріп, күй сарының бұзып жіберді. Қарт жұмған мөзін еріксіз ашып, жақындаған қызметшіге бажыраға бір жарап:

Миллат дейлар, миллат дейлар,
Миллат үшін біт дейлар.
Миллат күйі — бірлер үшін,
Көп туғанға жеткілар, —

деп бір қауыз өлең айтЫП, жүй сандығын жанына коя садды.

Қалындағы ақшаларын палуандарға беруге асығын тұрған Сымғат, тең белді де, катар қонған бүркіттей, ағаш үстінде отырған екеуінің аддына койды.

— Тұғандарым, бұл көптің сыйы! Халықтың тамшысынан текіз, тарысынан тау тұрады. Міне, бос жүз секен екі оом жетпіс тының ақша. Екеуіңе тең белінді.

Иван еңгезердей болып үшін тұрды.

— Элеумет, күрметтерізісте күлдүк! Бұл ақша мышажас палуанды оқытуға жұмсалсын. Мен осындаі қаржының табышшаганынан, қартайғанша, ел ішінде қалдым. Керексіз уақытта табыштама женинің керегі қанша? Бұл осынан берілсің, — деп, қалтасы жасындағы Қажымұқанға итерді.

— Мен күшті молдадан алғаным жок. Құлагымы

үстап жұлқылаған соң кетіп қалғам. Нагашы атам оқы-
май-ақ Лұк палуан атанған. Маған ақша төлеп оқудың
керегі жоқ. Онда барған соң тағы біреуі күлағымнан
үстайтын шығар. Онан да бала-шағасы бар сен ал,—
деп, өз ақшасын қосып, Иванның алдына итерді.

— Бөліп ала беріңдер,— деп Сымғат қайтадан бе-
ліп, екеуінін алдына қойды.

— Сен алып, оқы,— деп Иван Кажымұқанға карай
ысырды.

— Жо-жо-жоқ, сен ал,— деп Кажымұқан қалтаны
итеріп желіп, ағаш үстінде екеуінің баржыйған қолы ту-
йісті.

VII. ҰЛЫ ШЕТРДІҢ ҚАЛАСЫНДА

Тұмаңды аязда бозқырау басқан есікті, татарша
қайырма жағасы бар, мақталы үзын шапан киген екеу
келіп, қонрау тетігін басып түрдү.

— Сізге кім жерек еді? — деді, іштегі жінішке әйел
даусы.

— Лебедов мырзага кіретін едік,— деді сыртта түр-
ғандар.

— Сабыр етініз, рұқсатын алайын,— деп тағы бір
есікті сықырлатып, әйел әрі кетті.

Әлден уақытта есік ашылып:

— Кірініздер,— дегендей орта жастагы әйел басын
изеді.

Екі кісі әйелге еріп, қабыргасына әйнала сурет сал-
ған кең бөлмеде жеке отырған кісіге келді. Қысты күш
жалаңаш деңесіне жадағай ала шапан киген кісі, желген
екеуді орнынан тұрып, есік алдынан қарсы алды. Оның
үсқыны да, мінезі де, сөйлеген сөзі де, келушілерге бұ-
рын кездескен адамдарынан өзгеше көрінді. Ол қонақ-
тарға басын изеп амадасты да, қолдарын сұра үстап,
ақпен тыстаған креслоларға отырғызыды.

- Қайдан келдіңіздер? — деді, жуен саусакты колымен қарның жаңсаға күшектей тұрып.
- Қазанда, мырза, — деп жауап қайтарды, асырыс сөйлейтін аласа бойлы қара кісі.
- Сауда қылыш жүрсіндер ме? — деді үй иесі басын кекшите.
- Жоқ, мырза, біз ол кәсілтің адамы емеспіз.
- Енді неге?
- Сіздің окуышызға бала әкелдім.
- Қазандагылар мұндағы оқуды қашаңнан бері ойланып жур? Окушы татар ма?
- Кім де болса, сіздің мектептің заказымен туган адам. Еділдегі Иванды білесіз бе? Бұл соның жіберген кісісі.
- Э... Иван Василич Бедняковты айтасыз ба? Мен оны білем. Неше рет хат жазып, желтіре алмаған кісі рой. Ол неғып мұнда кісі жіберетін болды?.. Бұл орыс па?
- Бұл орыс емес — казак.
- А, олай болса, Иванмен қандай байланысы бар мұнны?
- Қандай байланысы барын сізге жазған хатында айткан болар. Алдымен сіз, мынаны оқыныз, — деп, аласа бойлы татар қойынан сыя қарындашпен жалап отырып жазған, ірі жазылған хатты берді.
- «Улы дәрежелі дядя Иван Лебедев мырза. Қаша хат арқылы шақырганызызға бара алмағаным үшін, кешірім сұраймын. Сіз шын жүрегінізben хат жазған едіңіз. Бара алмадым. Себебі — бұл күнде қаржысыз адам — қанаты жоқ күс сыйкты емес пе? Ол кайда бармак! Екі қанаты жоқ түгіл, бір қанатына оқ тиген күс та жорғалап тоғайынан шыға алмайды. Мен де, сондықтан туып-өскен Еділ бойының тоғайынам шыға алмай қалдым. Болмаса өрбіген бесігіміздей Москва, Улы Петрдің қаласын бір көріп, саяқат қылудың өзі әр-адамның арманы емес пе? Соңдықтан менің міндетімді орындастын бір баланы көп жылдан бері арман етуші едім. Сіз маган

жазған бір катыңызда «баланды жібер» деген екенсіз. Я, мен баласыз да емеспін. Тәнірдің берген екі қыз, бір үлы бар еді. Бірақ әкеге тартып үл, шешеге тартып қыз туа берө ме? Үлтүм етікаші, қыздарым егінші болып жетті. Бір қап картопты күчкеніп көтеріп жатқан баламды сізге несіне жіберейін! Ол, палуанван тұған, етікші ғой! Сондықтан өзім сыйқты бір бала тауып алу арман болып еді. Ол тұлеуімді тәнір берді,— мына бір қазактың баласын жіберіп отырмын. Мүмкін болғанынша, тілеғімді қабыл етіп, мектебінізге атуыңызды сұраймын.

Я, күрметті дядя Иван, замана адамды ала·кұлаға беліп, сыйырды? Құйргіндегі бөлшектеп: «Үлтүң кім?»— дейтін әдет шығарды. Осының қандай пайдасы барына көп халық түсінбейді. Мен де түсінбеймін. Мүмкін, сіз — көзі ашық адамсыз, түсінетін шығарсыз. Сондықтап, «Бұл кім, орыс тен қазақтың қандай байланысы бар?»— дерсіз. Меніңше, ақыл мен күштің атасы жок. Екеудің елдің сыбағасы. Баланың күші менен гөрі басым. Мүндай жасымда менің күшім мүндай болған жоқ еді. Көп жылдар ауыр жүк көтерумен, талай кісімен қаресе жүріп, кейде жығыстып, кейде жынып жүріп, Иван атын шырып еді. Менің белімді юстаган оның қолы, отыз төрт жыл юстасқан колдың бәрінен салмақты тиді. Сондықтан, мен адам баласына: атаң кім? — демейтін үлы Россияның алып тұған жана күші деп түсіндім. Сондықтан көрьтылмаған күрышты сіздің мектепке жіберіп отырмын. Элбетте, алар деген үмітім күшті, — деп жазыпты.

Иваның жатын креслода шалқыя отырып оқыған ісі, жалпақ қағазды бетінде юстап, біраң ойланып отырды да, орынан балаша сөкөріп тұрды. Есікке таяу креслода отырған Қажымұқанға келіп, шабынған арыстандай, шап беріп, ауыр деңесінің салмағын сала екті нығынан басты. Оның не ойлаганына түсінбей, қаннен·каперсіз отырған жігіт: «Бұнысы несі?» — дегендегі орынай атып тұрды. Ауыр креслоның арқалығы дядя Иваның қаруны мен Қажымұқаның жаурынының арасына қысты.

рылып, арқалатған шөптей қолаң ете қалды да, тәмірдей білегінік тегеурінік сала қайта отырғызыбасқ болған кісі, екпішімен ишінан асып, алдына түсті. Ей пүттық емен креслоның салмағымен, тоғыз лұттық дядя Иванының дүмтүімен, үйдін едені бір көзжалды. Ишінан ишінан рак қозғаған Қажымұқаш, асылған кісі қауналт-ақ, жетімен шығар деп еді, ол жүктен секірген мысықтай, адым жер алдына барып, дік ете қалды.

— Ей, мұнша тулағаның не? Өзің үржек екесің, ғой!..
— Е, өзіндікі не?.. Жай отырған кісінің ишінан асыласын.

— Мектепке түсетін кісіден емтихан алу керек.
— Ол үе дегенің? Емтиханың не?
— Күшінді байқау.
— Күш байқасқан кісі тындан аулаған мысықтай, үн демей келіп, ишінан асыла ма екен? Беліне қайыс байла да, алдымға кел. Күшті сонан соқ байқайсын.

Оның болбыратын, орынша араластырып, жуандай үстынан айтқан сөздерін қазандық татар, жайлап тусінілдірді. Дядя Иван балаша оқылдарап жүлдіп, өзінің қызмет столына отырып, трубкасын толтыра салып, төмекісін тартты.

— Мұның мектепке төлейтін ақшасын кім береді?
— Қанша төлеу керек еді, мырза?
— Жылыша бір жұз еду сом.
— Мұның өзінен басқа, күшінен басқа ешиәрсесі жок. Қолу қаражатын, біразна жететін тамағына деген ақшаны Қазандарағы Каримов мырзаның типографиясының жұмышшылары жыйнап беріп еді. Мектепке деп те аздалап ақша берген. Бірақ өзіңіз көріп отырсыз, бұған мендей сегіз кісінің тамағы керек. Оның жұз ёлу сомын сізге берсе, езі аш қалады. Сондықтан бұған төлеу пұлның арзандатсаңыз деймін.

Дядя Иван аузындағы трубкасын жұлдып алып, татарға майды көзін қыса қарады да:

— Түү. Сен өзің Қазанның талкошкесінде шабата

саудалап отырсын ба? Бұл мектепке казна көк тынын бермейді. Осыған қызмет істейтін жүзделен адамра мек топырақ берем бе?.. Бір жылдың ақшасын төлеүнде тиңсті, ғынсыз болмайды...

— Жарайды, мырза, жарайды! Ертең ақшасымен алап желейін.

— Құшасы болса, өзің келмесең де болады. Мұны мен мектепке алам.

* * *

Сымғат Қажымұқанды жатқан үйіне апарып, үзак сейлесті. Жатқан үйі Яушев деген байдың Петербурдан алатын үсак-түйек заттарын дайындалап отыратын бір саудагердің үйі. Қазандағы дүкеншісінің хатын ала келіп, сонда тоқтап қалды... «Егер көбірек жататын болсак, басқа бір орын тауып алармыз», — деп ойлаган еді. Енді Сымғат бөгелмей қайтатын болған соң, Қажымұқанға біраз қеңесін айтты:

— Малай, мүмкіншілігің болса, сол мектептің жаттаханасына орналас. Саған әруақытта орыс халқы жақсы. Олар кулық, арамдық дегенді білмейді. Аз ғана каржының үнемді болуына жақсы. Екіншіден, қандай білім алсан да, орыс тілінен аласын, оны солармен бірге жатсан, тез үйренесін. Орыстың тірі арқылы, тілті, штедің кіслерімен сейлесесін. Осы мектепті бітірсек, сен жер жүзін аралауың мүмкін. Жер жүзіндегі елдердің палуанымен кездесуін мүмкін. Сонда олармен орыс тілінде сейлесесін. Зинһар, бұл үйде жатушы болма.

— Е, мұсылманның үйі, қайта, тәуір болмай ма? Мына бір кемпір: «Мұсылман екен, әйбат малай екен, шаб малай екен» — деп, іші-бауыръма кіріп отыр. Осында жата берсем қайтеді?

— Сен, малай, мұсылман, кәнір дегенге, зинһар, күлақ салушы болма. Мұсылмандықты таратып отырган өзің Қазанда көрген хазрет. Оған мешіт соғып берген байлар. Айтқан сөзі, оқыған дүғасы сол байлардың ма-

лын көбейту ғана. Ал мына көмпірдің «мұсылманы» да ақша. Сені оқығалы келді деген сон, ақшасы көп қазактың байларының бірі екен деп, іші-бауырына қіріп отыр. Ақшан таусылса, сені мұсылман демейді. Ертеңнен бастап, бұл үйге келуші болма. Мұның бір жаман жері — мен кеткен сон, колындағы ақшаны: «Қысылып қалдығы», — деп қажетке алады да, бір ай өткен, пәтер пұлын, тамағын деп, өзінді үйінен күшп җібереді. Сен бұл кемпірдің аузы күбірлеп же айтатынына түсінесін бе?

— Е, «алла, алла» демей ме?

— Ешуакытта алла демейді, — «алпыс тыын, алты сом, алпыс тыын, алты сом» дейді. Мен Қазанның татарымын ғой. Мен бұлардың тілін жақсы білемін.

— Ой, тоба-ай, ө!.. Мен «асты... асты» дегенді алдалап отыр екен десем, алпыс тыын дейді екен-ау? Мен ондайды Қазанда есіттім. Олар да осындаі алпыс тыынды айта ма?

— Эрине, бәріне хазрет үйреткен. Бұлардың «алла» дегені — «ақша» дегені. «Астапралла» дегені — «алты сом алпыс тыын» дегені. «Алла ақбар» дегені «ала бер» дегені. Зинһар, жуушы болма, — деп қағазға орап, ішкі бешпентіне тігіп алған ақшаны Қажымұқанға санап берді. Ол бес жұз жыйырма бес сом ақша еді. Соны беріп отырып: — Малай, бұл жер сенің қазаныңың даласы емес. Тойғаша жей беретін қойдың еті де аз. «Тартып ішсөн тай қалады, қойып ішсөн қой қалады. Қоймай ішсөн не қалады?» деген. Тартып ішіп, тарықтайтынды ойла. Мен келер жылы тағы бір келіп, қаржы берермін, — деді Сымғат.

Ертеңіне Қажымұқанды дядя Иванның мектебіне шеін шығарып салып, Сымғат Қазанға қайтып кетті.

* * *

Қажымұқан дядя Иванның конторына қіріп, жұз елу ақшаны төлеген сон, мектеп басқарушы оны ертін бір уттар үйге кіргізді. Үйдің ішінде ертегідегі Койқаш-

тың дылдары сыйкы толып жатқан жалаңаш дәулер, нешеадаң шарбакті істеп жатыр екен. Қажымұқан аудын ағаш, сілдік, түрді да қалды. Дядя Иван да токтады.

Үш биім биік, екі мың адам еркін сыйғандай кең сарай екен. Қажымұқан айнала бір қарап алды. Онда ағаштаң істеп, былғарымен қаптаған ат та түр. Салбыраған жуан арқас да түр. Аспанға асып қойған үлкен үлкен темір шығырышықтар да түр. Екі пүт, үш пүттық балға да түр. Асылып секіретін шарбак темір де түр. Қатарлап тақтай үстіне қойған кірдің тастанды да түр. Сүймен болғандай жұмыр темірлер, ұзын-ұзын рельстер жатыр. Таудан оғырып-оғырып алған, сандықтай тастанды жатыр. Жуан-жуан жұмыр темірге кигізгөн шойын дөңгелектер жатыр. Орталықта үлкен кілем жаюлы. Сегіз канат үйді үстіне тіскендей, дөңгелек қалың тақтай түр... Екі жалаңаш дәу кілемнің үстінде қаралтерге малынысып, аюдай алысып жатыр. Бірін-бірі алып ўрады да, арыстаңдай бассалады. Жатқан дәу аунап түсіп, атып түрүп, басқан дәуді жуан білекпен жауарынан сылқ еткізіп беріп жібергенде, ынқ етіп, етпетінен түсіп жатыр.

Бір бүйірдегі үлкен есік ашылып, ұзыя рельске жынырма адамды мінгізіп арқалаған біреу кіріп желіп, үйдің ішін бір айналып, адамдарды түсіріп, рельсті жапсарға апарып, атып жіберді. Жалаңаш дәулдердің бәрі де сол шауге қарап, баржыйған алақандарын, томп-томп соқты.

Аузына үскірік тістеген біреу барып, оның қолын үстады.

Жарайсын, Поддубный! — деп дядя Иван да қасына барды. Ол үндемей басын изеп, щетке шықты да, он сегіз пүттық ауыр рельс, 20 адам басып қызартқан жауарының ақ сұлғімен ысып-ысып жіберді. Алысып жатқан екі дәу жеңісі алмай айрылып, олар да дядя Иванның қасына барды. Нендей ауырды арқалағаның кім білсін, соның ішінде жүрген кісінің терлемеген жок,

бәрі де суға малшыған қайыстай был ~~жарасып~~ түр. Жалсаarda ілулі тұрған ақ орамалдарын ~~аударып~~ суртіп, үш аякты емен отыреыштарға аудай ~~жарасып~~ айнала отырды. Директордың жәрдемшісі үскірік тістеп журген кісі еді, дядя Иванның қасына хеліп, сол ~~жарасып~~ откізилетін программасын баяндады. Оның сезін тыңдал болып:

— Мен сіздерге жаңа серік қосқалы келді, соны көрсетейін. Мұнайтпасов азамат, бері кел! — деді.

Көргендерін көділіне ориаластыра алмай, бұл үйдің ішіне тусінде көрген елестей қортынды іздел тұрған Ка-жымұқан оның даусын естімеді, жуан тас баранага сүйене қарап, сонау бір шеттегі үстін жонған сандықтай төрт тас тиел, жетегін қайыспен қосып байлап, қаңтарып койған арбаға қайран қалып, тұра берді.

Дядя Иван алдында тұрған бір палуанға:

— Барып алды кел. Ол, мүмкін, сендерден шошынып та тұрған шығар, — деді.

Ол барып күле сөйлем:

— Аманбысын, жігіт. Сені мырза шакырып жатыр, — деп, сығымдай үстау әдетке айналған күшті қолымен он білегінен қыса үстады.

Арбадан әлі көзін айырмасаған жас жігіт қыскан колды сілкіп жіберді. Текішек таста тұрған палуая үй еденинен доптай үшүп, дік ете түсті.

Кешегі өзіне істегенін айтып, күшинің көптігін мактап, әнгіме қылып тұрған директор:

— Эне, Коляны қағып жіберді, — деді.

— Оныңы қалай? Өзі тентек пе екен?

— Жоқ. Бейнесі ондайға сәйкес емес. Оя кең далаңын асау жігіті. Өзі алі бала, оя тоғызыға тек быныл шықкан. Денесі бұрын қатты үстауды көрмегендіктен тосырқағандық. Өзі Еділдегі Иван Василичпен күресіп көзге түсілті.

— Оны жығып па? — десіп, тұрғандар таңырқай сүрады.

— Оны ертіп келген татар аның ғайнасы. Қотеріл, аланды айвалдыра жүріп, жерге тік қойды,— деді.

— Оны сұрау керек екан.

— Оңшалық әнгімелесуге әзір тілі жетпейді. Біраз тұл үйренген соң, сұрай жатармыз. Әзірше бірінші курстың ережесі бойынша, сұжандың еткізеді,— деді директор.

Барған палуан қасыма қайта жақындашып, қолымен мүсқап, дядя Иванды көрсетіп, ертіп келді. Отырган палуандар орындарынан тұрып, амандасты. Тек Поддубный орынға тұрмай, қолын ысау үстап, қасындағы орындықты тартып отырызыды. Оның қысқаны қатаңдау болса да сілтіл жібермей, сезбекен жісідей, жанына отырды. Отыргандар өзара сейлесіп, женіл сынекты қазір-ақ бастанақ болды. Тактай үстіндегі бес пүттік тастам он қадақтық тасқа шейін қатар тұрған тастарды көрсетіп:

— Осы тастардың қалысын екі қолыңа екеуін үстап, көтере аласын? — деді директордың жәрдемшісі.

— Мен мұның бәрін де көтере алам.

— Сен «бәрін көтеремді» кой. Окушы алдымен он қадақтық екі тасты көтеріп үйренеді. Жарты пүттік екі тасты ышынашағымен көтеріп, екі пүттік екі тасты қолымен көтеретін болып мектеп бітірген палуандар — жаман палуан болып табылмайды. Ал сен бар да, он қадақка місе тұтпассан, жарты пүттік екі тасты көтер.

Қажымұқан тас тұрған тактайдың жанын барып, жағалай қарады. Бәрінің де көлемі үлкен емес сыйкты. Осының екеуін көтеруді озу деп отырган палуандарды: «Шамалы адамдар ғой!» — деп салды да, парлап қойған тастарды үстап-үстап көрді. Алғашы екі пары әшебів-ак зат сыйкты көрінді. Уш пүттік екі тасты: «Әзірге осы жетер. Шеткі екеуін кейін мөтерерміш», — деді де, тактайдан жұлып алып, шелектей екі жағына үстап, тұрғандардың алдына алып келді.

— Көтергенің осы ма? Жоқ, бұлай көтеруге болмай-ды. Поддубный сен көтеріп көрсет.

Ол тұрып, тактайға барды да, екі пүттік тасты екі

қолына ўстап, білегін бүгіп барып, он қолын жоғары көтеріп, лып еткізіп, сол қолын көтерді. Екі тас екі қолына сырға сыйқты ілініп, үш басты кісі сыйқты болды да қалды. Тұрган адамдарды айналға жүріп, жерге тастанды.

— Міне, осылай көтереді, — деді жәрдемші.

— Е, ондай кішкене тасты жөтермейтін несі бар! — деп, екі пүттық тасты ўстай салып, бір қолын бүкпей, тік жоғары көтерді де, екіншісін жөтере алмай, білегіне соғып алды.

— Тастан! Келмей жатып, ўндалып күрыйсын, — деді дядя Иван.

Қажымұқанның қаратері бүрық ете қалып: «Бұны мен қалай жөтере алмадым?» — деп қайғырды.

— Бұзауынан көтеріп үйренген жай кісі, палуан жөтере алмайтын атан өгізді көтереді. Ауырды жөтеру үшін, әдісін үйрену керек. Екі пүттық тасты Поддубныйдай жөтеру үшін, бұл мектепте екі жыл оку керек. Эдіссіз кеп күш — қаналсыз далара акқан ағын су сыйқты. Жеке болмаған ат сыйқты — не арбаны қыратады, не өзін қыратады, — деді мектеп басқарушы.

— Поддубныйның сөрігі келді. О да мектепке желгендеге осындай асау еді. Үйрене келіп, палуан болды. Екі жыл үйренсе, бұл да осындай болады, — деді жәрдемші.

Оның сөзіне шала тусініп тұрган Қажымұқан:

— *Мен* екі тас үшін екі жыл журмеймін. Ертең тап осындай қылып көтеріп берсем бола ма?.. — деп, алдында тұрган төрт пүттық екі тасты сыйырдың топайындағы алып, тақтайға қарат атып жіберді.

— Мынау бір пері гой өзі!. Тастың тұтқасын сындырасын. Орнына жайлап қою керек, — деп сторож шал баж ете қалды.

Сейтіп, Қажымұқан дядя Иван¹ мектебіне осылай түсті.

¹ Қажымұқанның айтуыша, Петербурдағы палуандар мектебінің директоры Иван Лебедевті билетін адамдардың бәрі «дядя Иван» деп атайды екен. Сондыктан біз де соны қолданғанды қолайлы көрдік. (Автор.)

Көктем. Кыстай қысылып, спорт сарайының ішіне сыйманған Қажымұқан алаңға шығып, біраз сабағын сонда өткізетін болды.

«Келіншектің бетін кім ашса сол ыстық» дегендей, Петербургтан алғашкы алдына келген дядя Иван, ез ағасындағы ыстық көрінді. Ол мектепке келген сайын, өзінің туысы келгендей болып қалуышы еді. Бірақ кейінгі кездे ол сирек келетін болды. Палуан мектебіндегі бірсызыра сабактар оншалық ауыр соқпады. Олар: тас көтеру, темір бұрау, жүрестің неше алуан түрі, кеудеге қойып тао сындыру, рельске мінгізіп кісі көтеру, тісімен тістеп арба тарту, шалқасынан жатып, үстінен ат-арба жүргізу сыйкылар еді. Осының бәрі қара күштің өктемдігімен орындалып жатты. Бірақ шамалы күшті палуандар Қажымұқан істей алмайтын біраз өнер көрсетеді. Олардың қолында үнемі кітап болады. Кейуақытта кіталқа карап тұрып, жаңа бір ойын шығарады. Жаюлы тұрган кітабына қанша қараса да, Қажымұқан түгіне түсіне алмады. Соған ызаланып, оқығысы желіш, орысша әліппе сатып алтып, өзімен бірге жататын Семен деген палуанға қыйыла сейлеп:

— Досым, осыны маған үйретші, — деді.

Ол қуанып қарсы алды. Түннің көп уақытын өткізіп, бес әріп үйретті. Қажымұқан да үйренген әріптерін үмытпауға бекініп, көп уақытқа шейін көңіліне елестетіп жатты, бірақ ой толқыны бірін-бірі қуалай келіп, әріп бейнелерін өшіріп жіберді. Оның ойын үйреніп жүрген өнері басып, көз алдында елестеп әжатқан оқу құралы мен әріп бейнелері көтеріп жүрген тас, рельс сыйқтанып кетті. Ертеңінде сұраған Семенге «а» дай басқаны анық айта алмай, ете қынальып, тері шыкты да:

— Семен, сен мені әурелемеші. Маған мынауың жүз пүт тас арқалағаннан ауыр. — Тағы да бір өзсөні сыл-

тау еткіо келіп: — Осы кітаптың ішінде тышқанның суреті бар екен. Мен оны жек көретін едім, сондыктан қайтып бетін ашқаным жок,— деп кітапты Семениның тәсегіне қарай лактырып жіберді. Өзі тәсегіне жатып алты, өкінішті ойларға кетті: «Жасымда неге оқымадым? Экем күләктан тартатын молдага неге берді екен? Осындай мектепті казактар неге ашпайды екен? Адаматаның баласы болған соң бір тілде неге саллемейді екен? Жасымнан орыстармен бірге ессең, тілді жақсы білер едім-ау!.. Негып біздің ауыл осы қаланың қасында болмады екен?.. Оқуды өзге үйренгенде, мен неге үйренбеймін? Бастың бос жаратылғаны ма?.. Оя, ой елесін куа-куа талып, азар үйкітады.

Ертемен тұрғанда біртүрлі көңілсіз тұрды. Ойна ал-декайдағы Сарытеректің даласы, әкесі, өзін бауырына басқан мамасы түсіл, ауылшың ансады. Бүгінгі өтегін сабактар оның сүймейтін сабагы еді — ағаштан қаргу, темірге асылу, жіп сатыға өрмелеву сықылды физкультура сабактары болатын. Соның бірсынырасын ойнап, үйлестіре алмай, қарает болып отырғанда, көлтеш көрмеген дядя Иван келді. Оның дядя Иванды көріп, жылағысы келіп іші елжіреп кетті. Сәлемін беріп, қолын үстап тұрып:

— Аға, мені осы бәледен күтқаршы! — деді, мұнайынды пішінмен.

— Неден? — деп, дядя Иван жәбірленіп тұрған бетіне қарады.

— Мен күресінің бәрін үйренейін, кімді жық десең, соны жығып берейін. Рельсінді иейін, шыбық темірді бұрап берейін, елу пүт жүкті ат-арбанды үстімнен жүргізейін, жетпіс пүт жүкті арбанды тісіммен тартайын, сегіз пүт кесек тасынды кеудемде сыйндырайын. Ал осы бір баланың ойыны, бала сияқты ағаш аттан секірту, алтыбақан, әлпеншек, дардың арқанында шығыршықты, салбыраған бәледен мені күтқаршы. Мен соны оқымай-ак кояйын,— деді жыламсырап.

Дядя Иван ежелеп сұрап, түсінді де, карқылдаң күлді.

— Мұның саған қанша қызындығы болды?

— Өзі бір жаткан юақ-түйек өкен... талай рет колым-ды ауыртып, аяғымды сындырып ала жаздадым.

Дядя Иван бетіне тесіле қарап тұрып:

— Жарайды, бұларды істемей-ақ қой. Бірак сағаты біткенше істегендерді қарап тұр,— деді.

* * *

Хат танымайтын Қажымұқанға палуандық өнердің ең ауырларын үәренуге тұра келді. Ең жеңілі — лом темірді мойнымен ию, үш пүттық екі тасты екі қолыммен жоғары көтеру, ауырлығы ои екі пүттық рельске жыйырма бес адам мінгізу, қеудесіне қойып, төрт пүттық тасты бағамен үрып уату, екі атты жетек қайсысын білегіне іліп тоқтату, қеудесіне тактай қойып, үстінегі пар ат жеккен жүкті арбаны жүргізу, елу шұт жүк салған арбаны тісімен тарту, француз куресінің алуан әдісін үйрену болды. Оның бәрін кішкенесінен үйрекіп, екі жыл ішінде шегіне жеткізу керек еді. Оған Қажымұқаның шыдамы жетпеді. Бойына біткен алып күшкө жүктеп, уақыттан салас-пады. Күні, түні үйренетін залдан шықтай, қаратер-ге малынып, ауырды жетеріп, үйрене берді. Кол-аяғын жарагалап, жосадай қанға батқан күндері көп болды. Бар ынтасын салып, үйрекіп жатқан окушының оқыс істеріне мектеп басқарушы да кешірім берді. Албырт мінездері дядя Иванға біртүрлі үнады. Тілеген уақытында нұскау, беріп, үйретуді жетекші палуандарға тапсырды.

— Мына кара дәү бәлені қайтем? Мектеп залына тыныштық болмайтын болды... Ішіне кіреді де, жынаулы темір-тастарды жетереді, лактырады. Жынынан орнына біреуін қоймайды. Мезгілсіз аттарды алып шығып, әурелейді. Мен, ол ауыр пәлелерді қалай орнына қоймақпын?

Уа, мырзам, тегі бір күдайдың бәлесіне қалдым! Сарайдағы рельсті сұрапт еді, мен — кілті жок дедім. — «Қайда?» — деді ол. «Жоғалып қалды», — дедім мен. «Неге жоғалтасын?» — деп, шабынған бурадай үстіме төнді. Езіп тастар ма екен деп үрейім үшты. Бетіме сығырая қарап түрді да, тәкір жарылқап, тимеді. Жынданып барып, күлгіпты жүліп тастанды. Ішінен рельсті алып шығып, кір тастарды байлан көтеріп, маған: «Үстіне мін!» — деп акырды. Мен қорыққанымнан міндім. Залдың ішінде олай-бұлай жүріп, мені түсірді де, күдай жарылқап, қайтадан орына апарып қойды. Онымен қоймады, шалқасынан жатып, екі пүттық бір тасты кеудесіне қойып, маған: «Ур балғамен», — деді. Мен пүттық балғаны қалай көтерем, содан қашып, сізге келіп отырмын. Бұл, мейрам күнін білмейтін не деген қарғыс аткан!. Тілегім болсын сізден... Мені осы сторождықтан босатыңыз. Мына манғұлың мені бір күні ўрып өлтіреді! — деп жылады.

Оған дядя Иван шек-сілесі қатып құлді. Құліп болып:

— Қазір қайда өзі? — деді.

— Соның ішінде. Жыйнап қойран тас, темірді шашып, жұнның ойнағын салып жатыр.

Дядя Иван сторожды ертіп, мектеп залына келгенде, терге машиныған Қажымұқан заттарды орына жыйнап, терін шүберектен сұртіп түр екен. Ерінбей еңбек істеп, өз өңерін үйреніп жатқан оқушыға дядя Иван қатты сез айтпады.

— Мұңайтпасов, мұның қалай, мейрамда неге демалмайсын? — деді

Қажымұқан сәлемін беріп:

— Ағын су көлле күймай дамылдай ма, мырзам? Мен сіздің мектепті бітірмей, мейрамды қайтем? Жылда жүз елу сом төлейтін менің ақшам қайда? Екі жыл деп жүрем бе? Поддубныңдан қалмай үйреніп шығам, — деді шаршаған кейіппен.

Дядя Иван мейірімді кейіппен тесіле қарады.

Қажымұқанның көп алысқаны Поддубный болды. Қуреске дайындалған жыйырма төрт палуаның жыйырма екісін мектепте «жықты» деп көртінды шығарды. Қейінгі айдын ішінде Поддубный мен Қажымұқан отыз бес рет куресіп, бәрінде Қажымұқан жырылды. Қажымұқан түн бойы үйкемді, тілек тілеп, күдайға сыйынып көрді. Нагашы атасы Лук палуаның аруағына да сыйынды. Ҳазреті Фали: «Я, Ханнан, я, Маннан!» — деп тау көтерілті, — деген соң, оны да айттып көрді. Бірақ ешқайсысының шарапаты тимеді, Поддубныңды алып үрүп, жерге түсірое, ол бұлт етіп, астынан шырып жетеді де, өзін бүктеп, бассалады. Аунатып, жаурынын жерге ти-гізеді. Онымен талай рет тәбелескісі де келді.

— Бұл дұрыс жыккан жоқ,— деп те көрді.

Көріп тұрғандар:

— Дұрыс жықты, сен бұл курестің әдісін әлі білмей-сін,— деді. Қажымұқан ызыра булығып, мектепті тастап та кеткісі келді. Ол ойын «қашып кетті» деп айтады ғой деген намыс басты. Арманы Поддубныңды бір жығу болып, күштіні курестің әдісін ойлайтын болды. «Қалған өмірімді осы мектепте өткізсем де, осыны жықпай қой-маймын!» — деген көртінды жасады. Ен кейінгі қуресі бір сағатқа созылып, жығыса алмай, айрылысып кетті.

— Бұл мені жығады. Білмей жүрген бір әдісі бар еді, оны үйренді,— деді Поддубный.

Арманына жетуге жақындағанын сезіп, Қажымұқан біраз сергігендей болды. Ұлы Россияның қазақ палуаны мектепке түсініне бес ай толып, алтыншы айға аяқ басты.

Тәжрибе жұмысина дайындалуға мектеп дирекциясы бүйрек берді. Палуандар әр қалаға бөлініп, тізім жасалды.

Алтыншы айдың аяғына таман мектеп сарайына көп адам жыйналды. Бұрын келмейтін, сават бауы салбыра-

Ран жуан карындар, шағаладай ақ киген шенді кісілер де келді. Дядя Иван ойынды өзі басқарып, оңаша бөлмеде палуандарды сапқа тұрғызып, бірінші орынға Поддубныйды қойды да, екінші етіп Қажымұқанды тұрғызды. Күрестің жыйырма төрт палуаны, тіркеген нарадай тізіліп, спорт залына кірді. Қажымұқан мектепке түскенде, дала жайылымының көбен жылқысындаи, денесінің олпы-солпышы көп еді. Окудағы алты ай, бәйгіге жаратқан аттай сұлуулап, сымға тартқан күмістей, түзең жіберді. Іш тарталип, кеудесі арыстандай керіліп, мойыны жуандап, қаклақтай жаурыны көзге түсіп, білектің бұлшық еттері теніз бетінің бўйрат толқынындаи білемделіп тұратын болды. Ұзын ышқырлы қара трусиның ышқырын көмкере байлаған жалпақ қара жібек белбеу, әбден жарасып кетті.

Палуандарды келген кісілердің алдына қатар қойып:

— Улы дәрежелі мырзалар, ханым, ханзадалар! Улы Россияның қара күштерінің бейнөсі, жас палуанның жыйырма төрті мектептің программасын бітіріп, тәжрибе жұмысына шыққалы отыр. Бірінші Поддубный,— деді дядя Иван.

Колдар шарт-шұрт соғылды. Палуан бір қадам алға шығып, басын иді.

— Екінші — Мұңайтпасов Қажымұқан.

Колдар соғыла бастап, сағаты салбыраған жуан карынның:

— Фамилиясы қалай? — деген даусымен соғылған көл белініп кетті.

Дядя Иван:

— Мұңайтпасов, — деп қайталады.

— Қай үлт? — деді сөйлеген кісі қайталап.

— Қазақ.

— Қайдан келіп қалған?.. Кім жіберген?..

— Самара палуаны Иван Василичтің жіберген кіоісі.

— Оның екінші орында тұруы қалай?

— Құш орны солай, мырза.

— Ражап екен, — деді баяулау дауыстен.

Келгендегі кісілер ерюек, әйелдері болып, өздері әлденелер айтып, сейлесіт кетті. Кажымұқан козғалмай, орнында тұра берді.

— Ортаға шықсын,— деген дауыс кебейді.

Ортада тұрган дядя Иван қолмен нұскап, Кажымұқанды ортаға шакырды. Кеудесін кере, жердендей басып, палуан ортаға шықты. Элі толып жеттеген жас жігіттің денесі көшшілікке үнады. Кол соғу үзакқа созылып, бір жас қызы қолындағы гүлін әкеліп берді. Гүлді дяди Иванға үстітті да, өзі орнына барып тұрды.

Палуандарды түгел таныстырып болған соң, ойындарын бастап, Кажымұқан рельсті желкесіне салып иді, жыйырма бес адам мінгізіп, арбасы жыйырма бес метр жерге тісімен тартып аттару енерін көрсетті.

Ол құресте үш палуанды жығып, Поддубныймен жығыса алмай айрылды.

Алтын сағаттың бауын салбыраткан жуан қарын — бес каладағы цирктің қожасы еді. Ол ойынды көріп болған соң, Кажымұқанды алдына шақырып, жыйырма бес сый берді де:

— Мұнаан былай көпке айтатын атың — Кажымұқан болсын. Мүңдайтысты айтпай-ақ кой, — деді.

... Сондықтан Кажымұқан менің атым,
Көрмедім маған деген елдің жатын,
Окыған Ұлы Петр қаласынан
Палуандың әлі есімде алған хатым, —

деп жырлатты Кажымұқан...

Палуандар Одесса қаласындағы тәжрибе жұмысын еткізетін мектепке аттандырылды. Мұндағы сындақ кортындысында Поддубный Кажымұқанды 70 рет жыкты да, Кажымұқан оны 3 рет жыкты...

* * *

Поддубный Кажымұқанның қыймайтын досы. 1941 жылы Кажымұқан еткен өмірін есіне түсіре отырып:

— Ол менің бауырым еді. Екеуміз көп жыл бірге жүріп, көп елді бірге араладық. Жан қызықтан жолдағас болдык. Мені палуандыңда шынықтыған сол еді. Қайран досты көре алмадым! — деп даусы баюу шықты.

— Ол не дегенің, Қажеке? Ол әлі тірі ғой, барып көрүнізге болады.

— Ол қазір қайда екен? — деп қуанды.

— Урқаиннада болуы керек. Сұрастыруға болады.

— Ойқай, сондай достыңді бір көріп қайтса, қандай тамаша болар еді. Тұлғасыг адам баласының сұлуы еді. Ондай күшті адам туда береді дейсін бе? Осы заманың Рустем-Дастаны ғой олар...

...Одессаға Петербурдан барған төрт палуан «Отанға үят келтірмейді» деген қортындыға ие болды. Россияның әр қаласынан келген қырық палуан ай жарым жатып күресіп, ілік алды Поддубный, екінші Қажымұқан болып аяқтады. Сонда іріктелген төрт палуанның бірі болып, Қажымұқан Петербурға қайтып келді. Жыйналған қырық палуанның отыз сегізін жығып, бірімен жығыса алмай кеткен Поддубный бас бәйге мен үлкен медаль, Қажымұқан отыз жетісін жығып, екебімен жығыса алмай кетіп, екінші бәйті мен іші күміс медаль тағып қайтты.

Дядя Иван палуандарының табыспен қайтқан алғашкы адымына той жасады. Он бес күн демалғызып, төрт палуанды тажрибе жұмысына Гамбурттагы мектепке жиберді.

— Онда барған соң, тек өнерлерін көріп үйрене бепріндер. Қүрестірген сақа палуандарын жықтап, қайтып күрестіртіндегі қылыш, езіп тастай бөріндер. Ал мектепте оқып жүрген окушылары мен шетелден келіп жүргендегін сай жібермей жығындар. Бұл күндегі жемістер теріс тәрбиеленген бала мінезді келеді,— аз ғана табысы болса, кәмпіт үстаған баладай, сол қайтып қольжан шықпайтындей, ауыздары жыртылғанша айқайлайды. Азғана ауырлық көрсе, өзінен куат кеткендегі, азапқа туседі.

Палуандарын жәбірлемей, өнерін үйреніп, қайтындар, — деді дядя Иван.

— Окушыларының жығылғанына жәбірленбей ме?

— Өзімшілдігі күшті ел. Тіпті шетелдіктерді кісі деп санамайды. Үлкендері сау болса, қішілерін елең қылмайды.

— Соңда немістің үлкен палуаның жығуға болмай ма? — деді Қажымұқан.

— Өздері Россияның палуаның жығып қайтамыз деп келеді. Күшті соңда көрсетерсіндер. Сен, мына рельс іліп, жетпіс пүттү тісінмен тартқанынды көрсетпей-ақ кой. Өздерінің ең күштісінің көтергеніндей-ақ ауырлықты көтер. Ал бәріңе айтаптыным, бейбастақтық біздің елдің салты емес, Россияның байыры әдетін, салқын қанды сабырлылығын ўстай біліндер. Қызба мактанышын әруақытта ўятқа шақыртқы болады. Естерінен осыны шығармандар... — деді тәрбиеші.

* * *

Гамбургта уш ай болып, палуандар Петербурга қайтарда циркте немістердің атақты палуандары өнер көрсететін үлкен ойыны болды. Олардың программасында күрес жок, тек күштерін көрсететін — аюмен күресу, өгізбен сүзісу, екі атты қолына іліп, екі жаққа тарту, лом темірді мойынна салып иіл тастау сыйкты еді.

Фон-Кениг екі қолына екі атты іліп, орынан қозраттап тастайды, дегенде немістер:

— Һайл! — деп шу етеп қалды.

Үсті-басын қайыспен шандып тастаған екі атты әкеліп, екі адам ўстап тұра қалды. Еңғезердей неміс келіп, құйрығына тақап шығыршық өткізген жетек қайыска екі білігін іліп, қосып басқан артқы аяқтарына аяғын тақай, талтай тұрды. Қонырау шылдырлап, қамши шарт етеп қалды. Екі ат екі жаққа сүйрей тартты. Фон-Кенигтің қапсыра ілінген колы екі аттың қымылдауға мүршасын

желтірмейді. Катын-балалар жуылдаап, қолдарым циркті жаңғырықтыра соқты.

«Мынаны көрдін бе?»— дегендай, әдемі жостом киіп, кезін жымыйға қарал отырған орысты, аузына жуан трубка тістеген үзын бойлы неміс тұртіп қалды. Ол, турткен қолды шап беріп ўстап, бұрандалы қышқаштай қысып жіберді де, моянын бұрып, бетіне қарады. Немістің аузынан трубкасы түсіп, іші ауырған жісідей бет-аузы тыржыйып, орнынан үшып турегелді. Орыс жолын аздаап босатып:

— Бүйірімө неге түртесін?.. — деді, орнынан көзгалмай.

— Аナンы қара дедім рой...

— Онда не бар?

— Орыстарда осындай күшті пазузан бар ма?

— Бізде ме... асау арыстанның аузын айрып, жабайы ғлідің күрғызынан ўстал тоқтататындар толып жатыр. Түбәні колтықтап, өгізді өнгеретіндер де·бар. Аттың қозғалатын аяғын тіреп тұрып, басын тұқыртып, қайыспен тартып қозғалтпаған күштілік пе екен!..

— Ал, сеніңше қалай?

— Күйрұғынан ўстал тоқтату керек.

Екеуінің тілін азар аударып отырған бір-неміс, «күйрұғын» деген сөзді түсіндіре алмай дал болды. Қажымұйдан немістің шалбарының артын бұрап көрсеткелі колын қала бергенде, ол жарып кетіп, қасында отырған әйелдің аяғын басып кетті, елді дауырықтырып, шу көтерілді. Тәртіпші полицей келіп, дауды сұрастырыды. Түсіне келе атты күйрұғынан ўстал тоқтату оған таң жерініп, цирктің басқарушысын шақырды. Бұған да таң керініп:

— Ондай адам қайда? — деді.

— Россияда.

— Кім деген адам?

— Ондай толып жатыр.

— Сен тоқтата аласын ба?

— Мен де тоқтатам!

- Екі атты ма, бір атты ма?
- Екі атты тоқтатам!
- Ал ортаға шық!

Қажымұқан костюмін шешіш, ортаға шыкты. Корага кеткен аттарды қайта алғып жедді.

- Ал, құйрығынан юсталп тоқтата еой.
- Қайыстарын алғып таста.
- Тұра берсін.
- Тұрмасын. Сендер шығыршыныңа ўстадың деп мойындамайсындар. Аттың басын адамға ўстаптай, бос коя бер.
- Рушланд, қолынды жұлышп әкетеді...
- Онда жұмысың болмасын. Бірақ аттың құйрығы жұлышып, бір жері мерт болса менен күнин дауламайтын боласын. Қолыңдан тілхат бер.
- Қолың жұлышып кетсе біз де жауапты емеспіз.
- Эбден болады.

Цирктің басқарушысы қойын дәптерінің екі бетіне екі тілкет жазып, бірін Қажымұқанның қолына ўстасып, екіншісіне әол қойдырып, өзі алды. Оран шейіш, даурып бірінен-бірі сұраған немістер егестің не туралы болып жатқатына да түсініп болды. Көрмеген көреметін көрсеткелі тұрған орыстың оқушы палуанына қайран қалысты. Устіндегі қайыстары ағытылып, айқасып тұрған екі аттың ортасына Қажымұқан келіп, қонрау сыйдырап, шыбыртты шарт ете қалды. Еркін аяғымен жұла жөнелген аттардың бастары секең ете қалғанда, әйелдер: — «Рушланд җапут!» — десіп, көздерін жүнді. Шолаң құйрыкты білегіне орай, екі құйымшакты тұптете ўстаган Қажымұқан бүкіттіле сілкіп тартып жібергейде, шоңқайған тебеттей, екі аттың бексерсі үйісө шоқыйып, отырып қалды.

— Міне, атты осылай тоқтату керек. Бұл ат қана. Пілді құйрығына ўстал, бұж түсіретін орыстар Россияда толып жатыр,— деді ўстаган жеріндең қылышы ко-

лына жабысып шықкан Қажымұқан, ыңқылдан жатқан аттарды орнынан тұрғызып жатып.

Ойламаған күшті көзімен көрген немістер орындарынан үшім-үшіп тұрып, сілейіп қатты да қалды.

— Мынаны мойнына салып, ие де аласын ба? — деді бір неміс, отырған орнынан қетіп бара жатқан орысқа, екі кезден кесілген лом темірді көрсетіп.

— Бұл баланың ойыншығы. Мен ол үшін мойнымын кірлеттеймін,— деп бірін қолына ўстады да, шыбыктай іп, доғалап тастай салды.

— Оның не? Тиісті ойнына дайындалған темірді неге бұллардің? — деді цирк басқаруши.

— Мұнауың іп көр деді ғой.

— Оны қолымен имейді, мойнына салып иеді,— деп ез жемжесін қолымен көрсетті.

Қажымұқан темірлер тұрған тақтайдаң қасына барап, бірін қолына ўстады да:

— Бұл баланың ойыншығы. Мұнан жуан темірді біздің палуандар мойнына йынадай галстук қылып орайды, — деп, бірін мойнына салып, екі бұрап, палстук қылып, орап тастады.

Таңданған цирк басқарушысы отырған- көпшілікке қарап, әлденені айттып, Қажымұқанды қолынан ўстал тұрып, айнала отырған елге көрсетті. Ойын тарқал, келесі күні палуандар Россияға қайтты. Бірақ не болса соны дәріптеп жазатын неміс газеттері, бұл туралы ешиерсе жазбады. Көрген көпшілік ертектей етіп айттып, елге таратта берді.

«Орыстың күштілігі бізден артық» деген біреулерді полицейлер қамап тастады, десті немістер.

* * *

Петербурга қайтып келген соң, мектеп көкесі болып, мектеп бітірген палуандарды өнердің түріне карай бөлді. Шетелдің циркіне жіберуге төрт кісінің атын атады.

Олар: Поддубный, Сібірдің Дмитрий Мартыновы, Османовиң Иван Корені, Қажымұқан еді. Петербург царкінің кожасы:

— Осыған Россияның іші де жарайды рой, соны шетке шығарып қайтеміз,— деді.

Кеңеске араласып отырған Поддубный:

— Егер Қажымұқан шықпаса, мен де бармаймын. Оның шықпайтын себебін түсіндіріңдер, — деді.

— Шетке шыққан Россияның әрбір адамы Отанның арын көздің карашығындаі сақтауы керек. Ең арысы жатпен күрескен жеті жасар бала да болса, жеңіп шығуы керек. Сондыктан шетке шығаратын палуан сенімді болу керек. Ұлы орыс халқының намысына шексіз берілуі керек. Оның күші көп те болса, сауаты жок. Қүш — қауын беріп үйреткен піл сыйкты. Қауын беріл, әркім ертіп әкетуі мүмкін. Ол орыс емес. Діні — мұсылман. Сендерді Европаның біраз мемлекетін аралатып алған соң Стамбул, Индия, Иран, Кабулға шығарамыз. Сонда, әлдекімнің алдауына ілініп, аброй алатын жерде жығылып, не: «Мен мұсылман едім» — десе, қайтесін?..

— Бұл ондай адам емес. Мұсылман, кәпір деп, үлтқа бөлінумен жұмысы жок. Ол орыс тілін үйренді. Пікірін толық түсіндіретін болды. Біз оған Германияға барғанда: «Қазақ», — десек, ол: «Мен Россияға барған соң қазақ болам, әзірге атым орыс. Эжем: «Ер үлт үшін тұмайды, жұрт үшін туады», «үйде ауылды, түздө елді ойла», — дейтін. Мемлекетіміз орыс елі болған соң, немістердің мени де орыс дегені дұрыс. Мен оларға орыстың күшін көрсетем», — деді. Ол, ертегі айтады: баласымен екеуі ала өгізбен ағаш тасыйтын бір отыншы бар еді. Ала өгіз! екі өгіздің жүгін бір өзі тартатын күшті болды. Баласы ала өгіздің тартқан ағашына таң қалып: «Әже, осы күдайды күшті дейді, соның күші осы біздің ала өгіздің күшінен қалай екен?» — депті. Оған әкесі ренжіл: «Әлде адап күдай, әлде қарал күдай, көрмеген күдайды ала өгізге тегемеші», — депті. «Біздің қазақ күдайды көзімен көрмесе,

сембейді», — деді. Осындаі адамды мұсылмак деп шектелуге бола ма? Біз, кейбір сатылып жығылатын палуандар туралы әкіме қылғанымыза: «Ол бір арын асқа сатқан айуандагы. Ондайды адам деп бола ма? Бір адамка күшін сатқан кісі бір күн, шун көреді. Көп үшін қызмет еткен кісі өмірі аш, жалаңаш бола ма?.. Елдің нағызының корғап, ел үшін адап еңбек істесөн, олар ас та, ат та, киім де, ақша да болады. Мен Қызылжардағы адамдарды, мені көріп куанып, лөзінен жасы шықсан Еділдегі Иванды, Қазан қаласындағы шер асын беліп беріп, мені оныға жіберген жұмысшыларды, туган ағамдай мейірімді болған дядя Иванды өмірімде үмітпаймын. Олар маған: «Халық үшін құшілді жұмса, абройын сакта», — деген «Сатылып жығылғанша өлгенім жақсы», — деді. Осындаі адамды сатылып кетеді деуге бола ма? Ол алдымен қарабасының нағызының корғайды. «Бір кісіден бір нісі жығылған өлім емес де? Алғашқы, күрос үйрене алмай жүргендеге, сенен әрдайым жығылып жүрдім. Соны нағыз қылыш, елгім де келді. Кейде ашуым келіп, сені паршалап тастағым да келуші еді. Бірақ ойланған келсем, менің жығылғаным сенің достығынан қынбат емес, күшім кем емес, тек үйренуім керек екен, үйрендім. Енді Россия палуандарын жығам деп келгендердің әкесін танытам. Кердептеп мактандың немістің тәкәпілар палуандары қолыма бір тиетів болса, бүйірін тесекке тиғізбейтіндей қылыш, бір уатамын!» — дейді. Осындаі адамды үлтис орыс емес деуге бола ма? Тылға, сауатты адамдардың осындаі ойға ерісі жетдей жүргені аз ба? Бұл Отанға үят жетірмейді. Егер ол бармайтын болса, мені тізіммен шығарып тастаңдар, мен де шетелге бармаймын. Палуан болмасам — грузчик болып та күн көруге болады,— деді қатты ренжіген кейінген Поддубный.

Циркітің қожасы Жаровтан басқасының Қажымұшанға шегі жок еді, Поддубный жақтаган соң, ол үнде мей қалды. Мектептің үсімкісі бекіді.

«Кажымұқанмын қазақта күшім асқан,
Палуандықтан айтайып біраз дастан.
«Орыс палуач» атапып он екі жыл,
Жыбырма төрт патшалықтың жерін басқа».—

деп өлеңдетегін Қажекен...

VIII. ПАРИЖДА

Эстония, Латвия, Австро-Венгрия, Польша, Швейцарияны аралап, талай куресті көрген Кажымұқан жауырының жерге тиімей, әбден шынырып, атакты палуан болды. Талай палуанның атағын естіп, кездесуге күмарлікан көп палуаниның бірі болды. Тұған даласын сағынған жігіт:

«Болып естім несібем менің түзден,
Кім бар екен елімен күдер үзген?
Есіме туғаш елім түскен шакта,
Жас домалап түседі екі көзден»,—

деп өлең алтатын болды. Жасы отыздан асып: «Енді елге қайтпасам болмады»,— деп жүргенде, Поддубный Ригадан бір топ палуанимен келді. Оны көргенде туысқаның көргендей ақуанатын әдепті еді, екеуі сайрандаپ, әнгімелерін соқты.

— Кажымұқан, енді үзамий Парижға жүреміз. Онда жер жүзінің атакты палуаяны түгел қатысадыны болды. Біз куресіп көрмеген Францияның Паушины, Италияның Стурменті, Австрияның Роз-Бахи, Германияның Фоя-Кенингі, Ганс-Каваны, Англияның Лон-Пулы, Түріктің Қара-Мұстафасы, Хажы-Фані, Индияның Прохфы, Японияның Сар-Кек-ки¹ көлемеші екен. Солармен куресіп, күшіміздің мөлшерін көреміз,— деді.

Кеәдесе алмай жүрген палуандарының атын естіп, Ка-

¹ Бұл палуандардың аттары Кажымұқанның ез мәтүшесіне жауылды. (Автор.)

жымұқан қуанды. Сағынған елді де үмытып, жүретін күнді асыға күтті.

Ертеден кешке дейін, күні-түні ойлаған зат түске де кірмей түрмайды. Қуреске ынтыққан Қажымұқаның түсіне әлдекандай бейнелі адамнан бөлек біреулермен жұлдызып, аю, арыстандармен алысып жүргені кірді. Кейде айқайладап, төсегінен үшып тұратын болды. Оянса — ешнэрсе жок, жанындағы жолдастары оянып:

- Саған не болды? — десіп құледі.
- Түс көрдім.
- Не түс?
- Қара аюмен алысып, бас терісін сымырып тастадым...
- Онда, ертең шошқаның етін жейсін, жата ғой! — деп, тары құледі.
- Жок, әлгі Парижға қашан жүреміз?
- Францияның үкіметі ағылшын палуандарына рұқсат бермей, кешіктіріл жалған жөрінеді.
- Онда, ағылшындардан корыққаны ма? Француздар корықса, біз-ак қуресеміз ғой.
- Олар палуанынан корықпайды, досым, жансызын қорқады: Ағылшындар бір жаққа қайырашы жіберсе де, қасына шпион қосып жіберетін әдеті бар ғой, сонынан корыққан болар.
- Сонда шпион палуанмын деп келе мे?
- Палуанмын деп те келеді. Палуандарды басқарушыны деп те келеді. Тіпті, сол палуандарының біріне қызметші болып та жүре береді.
- Сен барған соң шпионды сезсан, маған айттып кой! Мен бір ыңғайым тауып, еліне сүйегін қайтаратын қылағыны, қайтып палуан арасында жансыз жүрмейтін болсыны Орыс палуандарына күмандануы болмаса да, ағылшын, түріктермен келісіп алған соң, рұқсат етілді. Поддубный, Қажымұқан, Мартынов, Иван Корень төртеу! дүниежүзілтік қуреске алғашқы рет қатнасұра; Парижға жүріп кетті.

Тұған елден келген палуандарды тосып алған Россия өкілдігінің кісілері, бұларды алдын ала лайықтаған орындарына орналастырып, тиісті күрметтің істеп, демалғызыды: Басқа елдің палуандарын өз өкілдіктері дәрілтеп, суреттерін басып, бойының, иінінің өлшемін көрсеттіп, салмағын айтып, жарнамалар таратып үлгірген еді. Сол кездегі Франциядағы өкілдіктің шетелдермен мәдени-искусство байланысын басқарып отырған Степан Николаевич Отан намысын барлық өмірден жоғары үстайтын кісі еді. Екі сезінің бірінде: «Россияның талақан иті де жеңіл шыққанын тәуір көрем», — дейтін. Сонымен катар, мәдениетті, үқыпты адам еді. Россия палуандары қатнасатын хабарын алғаннан жарқұлағы жастиққа тимей, шетелден келген палуандарды қалай да бір сұлтаумен барып көріп, китен қиімдерін, күтімін бақытап, суретін басқан жарнамаларын алдырып отырды. Палуандар жетелін күні жататын жатақханасына жарнамаларды үйқабырғасына жағалай жapsырып тастанап еді. Палуандардың көзі еріксіз соларға түсті. Олардың аса эшкеңдеп істелгені немістікі еді, онда үлкен етіп, екі самұрықтың суретін салып, екі жактауын емен ағаштың жапырағымен коршап, үш палуанның суретін салыпты. Ортадағы суретті ете үлкен көрсеттіп, астында Айс — бойы төрт, иығы бір жарым көз, салмағы он бір пүт деп жазыпты. Екі жарындағысының бірі Қажымұқан бұрын көрген Фон-Кениг, екіншісіне — Ганс Қаван деп жазыпты. Бұл үшеуінің ортасына жер шарының суретін салыпты, бейне бір футбол ойнап жатқан тәрізді.

— Я, біраз салмағы бар екен, — деді Иван Корень, баюлау дауыспен.

— Ол не? — деді чемоданынан бір затын қарап, әурелеп жатқан Қажымұқан.

— Мына бір немістің палуаны.

— Неше пүт екен?

— Он бір пүт дегі.

— Оя сегіз пүт темір иғында шелек көтеретін ағаш болып жүр емес де. Оның он бір тұтына жесіне таңырқасын?

— Темір — темір де, бұл әрекет жасайтын адам емес де?

— Адам болғанда, он бір пүт түгелімен күштің салмағы емес, оның көбісі — жемістің жеңілкі асы картоп пен ашымал су ғой. Сығылса, ку сүйегі қалмай ма? — деп, барбыйған бармағымен чомоданын жапты Қажымұқан.

— Күшінді көрерміз, Коля,— деп күлді Иван.

— Қорініп желетін түйедей үлкенде көтеріп соғуға жақсы. Жердің жарығынан шығатын тышқандай кішкенесі жаман. Мен үлкенге таңыркамаймын.

— Е, айтпақшы, сені тышқанинан корқады дегені рас па? Эне, төсегінің астында тышқан жүр...

— Ей, айтпа ондай жаман сезді!.. — деп, аңкейіл, ке-реуеттің астына бір қарап қойып: — Мен қорықпаймын онан. Бірақ күрғырдың шыйқылдаған даусы жаман. Тегі, мен соны есіткім келмейді,— деді. Сөйтіп, жерегедегі сүреттерді қарады. Олардың арасындағы бір жарнамаға көзін сұғырайтып қарап: — Мынау бастарынан қызыл сәукеле киген орақ мұрындар кім? Қейлектері қалай үзын... Кай елдікі, оқып жіберші, Иван,— деп Кореньге қарады.

— Олар сениң туысқандарың, мұсылманадар.

— Қайдағы пұсырман. Мүндай үэйн кейләк, сәукеле киген пұсырман бола ма?

— Болады. Түріктер.

— Е, мұның Хажы-Фали ісінекісі екен?

— Ортада тұрганы. Екі жағындағы — Қара-Мұстафа, Мырза-Ахмет деген палуаны. Астындағы арапша жазуын оқымайсын ба?

— Мына толып жатқан шаймайдың қайсысы арапшац? — деді бір жазуды сұққолымен яўсқап.

— Арапша жазу сол.

— Ей, арапша дегенің, күмба басқан күмырсқаның

Ізіндей қыйжа-жыйқа бірдеме ғой! Мұнымен түріктің палуанының кім екенін айруды маған күдай бүйіртплады. Бүйіртпаса бүйіртпасын, шыйырмен басымды қатырмай-ақ, циркте өзі желіп қолыма тиер.

— Мүмкін, сен көрмессін. Сенімен куреспес те.

— Қалай көрмеймін? Олар куреспесе, Парижра шошқа тағалағалы келе ме?

— Олардың пайдасы табылатын жеріне діншілдігі қүшті. Егер сен, өктем жыға бастасан, олар «мұсылманбыз», — деп қуреопей қояды.

— Бел үстаскан күш әкесін танымайды дейді әжем. Экесін танымайтын курес, пұсырманды (бұл Қажымұқаның өз тілі) не кылсын! Мен жырылып, күдайдан имai сұрамаймыш, — деді қабағын түйіп.

* * *

Палуандар моншата түсіп, кімін ауыстырган сөн, тұлғаларымен танысуға Степан Николаевич келді. Ол келген валуандарды сарынған бауырмалдың күшінде қарсы алды. Ел түрмисын, өз бастарының жал-жайларын, талай көргөз қызыншылықтарын сұрады. Әнгімелесе стырып:

— Мына куресетін палуандарының аты, жемі, тұлғасымен таныстындар ма? — деп жарнамалыра кәрай мояны бұрдым.

— Я, көріп жатырмыз.

— Түрін көріп, толқыған жүрек жок па?

— Сурет көріп шошыттын кісінің куресте жесі бар!.. Біздің Коля (Қажымұқанды жолдастары солай атайды): «Олардың жартысы картоп пен су, онсын сығып тастаса, сүйегі женіл болады», — дейді. Сескенген кісі соны айтта ма?

— Ол қайсысы? — деп қатар отырган палуандардың бетінде қарады.

— Мынау, — деді Поддубный қасында отырган Қажымұқанна бетін бұръып.

Степан Николаевич мейрінді раймен қадала қарады.

- Бұл қай үлт.
- Қирғиз.
- Біз, «киргиз» деп Орал өзенінен Қытайға жеткенше ендаланы алып жатқан елді айтамыз. Оның өзі үлтка көніл бөлмегендіктен айтылатын сез. Болмаса, онда казак, қыргыз, карақалпак, вәзбек бар. Осылардың қайсынын?
- Қазак.
- Қай жердегі?
- Есіл бойындағы Сарытерек болысынан.
- Енді түсінікті. Нагыз қазактың өзі екенсін. Ол Ортағүздің жері ғой. Мен бір жездे Ақмола облысында, Торғайда болғаным бар. Қазак шыншыл, ақлейіл, мейманнодос ел, жаңаны жақтағыш ел. Оның Шоқан Ұәлиханов, Ыбырай Алтынсарин сыйкты ғылым сүйгөн кісілері болған. Білдім енді,— деп Қажымұқанға жақындаپ, мектептен үйрекпі шығқан енерлерін сұрай бастанды.

Әңгімесінің аяғында күле сөйлем:

- Мына палуандардай жарнама жасап, суреттерінді көрсетіп, мақтанамыз ба? — деді.

Үндемей қалған палуандарды бір шолып, Поддубный:

- Соның көреті қаша? Біз суретімізді көрсетіп мақтабай-ақ, құдіретімізді көрсетсек болмай ма? «Өзін-өзі мақтаган өлімнің жарабасы» деп — мақтансышлық еліміздің үрдісі емес.

- Ал басқаларың не айтасындар? Сен айтши, казак Қажымұқан Мұнайтпасов.

- Поддубный дұрыс айтады. Жарнама жазып жалын көрсеткен аюды алып үрүп, жына бероеқ, жарнаманы көргөн ел өзі жазбай ма?

- Мен де соны ойлап едім. Түстерінді жероеттей-ақ, қүштерінді көрсете бер. Бірақ кеп үлгіты Россияны бәрін бір костюмге тықпай, кавказ, украина, казак, сібірліктер үлттық киімдерінмен көрініндер. Тек на мыстарың бір болса болады,— деді Степан Николаевич.

Сейтің, әр үлттың сырт киімін дайыннатты. Қажымұ-

қанға қазақтың түйе жүншекпені табылмады, басына ак тубіт қалтак, үстіне Бұжардың ала жібек шапанын кигізді. Дүниe жүзінің палуанды жыйналған Париждың циркіне Қажымұқан ала шапанмен кірді.

* * *

Халықаралық палуандардың куресін басқаратын арас-
лас комиссия алғашқы екі жетіні палуандардың жай кү-
шін көрсетіп, көпшілікке таныстыруға үйнеді. Капита-
лизмнің бойжеткен қызын күшіп, көзілі панданған Ев-
ропа мемлекеттерінің саясаттық дипломаттары феода-
лизмнің саңылғырын құшақтап жүрген Россияға, үсак-
түйегін үстап келгісі келетін еді. Палуандардың жарна-
масын жапсырып, сұреттерін көрсете алмай отырғанын
«бишаралық» деп түсінді. Қояқтый болып отырған мем-
лекет — Франция, алдыңғы көрініске Россияның үсынды.
Комиссияның мүшесі болып кірген Степан Николаевич
бұл үсіністы қабылдамады.

— Біз ерте туып кеш қалған ел екенімізді жасыра
алмаймыз. Қоғам құрылышымыз бен мәдениетіміз Европа-
ның біраз елінен көнже қалғанымыз рас. Палуандардың
көшеге ілтен жарнамасы Берлин, Лоядондан, Стамбул,
тары-тары қалалардан басылып келді. Біздің палуандар
ондай жарнама экелген жок. Оның үстінде, Англия, Гер-
мания, Франция сыйкты, дүниe араланған атакты палуа-
нның жок, темір қанат бүркіттің түлегіндей, жас па-
луандар жеді. Оларды, дүниежүзілік күресте сыпира
жырып, жүлде алғалы экелгендіміз жок. Өскен елдердің
күшінен улғі алғалы экеліп отырмыз. Россия палуандары
ен артынан көрінсе де болады, — деді.

Мактаншак дипломаттар кеуделерін керіп, бір-бір
жеткірісіп, бұл тілеңкө қарсы болмады, «бұл орыстардың
сорыстағы өлермәндігі болмаса, біз сыйкты мәдени-техни-
калық күштерді қайdan өсірсін!» — деді іштерінен. Бірақ
бұл ой көпке бармай, курес басталғанша, шектенгендей
көріністер кездесті.

* * *

Палуандар Париж халқына нешеалуан күштің кереметін көрсетті.

Арылдаған өрыстанды аяғынан ўстап, лақтырып жіберді. Үйдег үлкен өгізбек алсызып, ұлыған иттей шонқайтып отырғызған палуан болды.

Екі пүттүк кір тастың бесеуін шар қылъып ойнатқан палуан болды.

Білектей темірді мойнымен, лом темірді тісімен мағыстырганы болды.

Екі білегімен екі атты қозғалтпады.

Созған қолына төрт адам міңгізіп, цирктің шенберін айналғандар болды.

Тебесімен тұрып, аяғының үстінде алты адам ойнатқаны болды.

Екі пүт тасты қеудесіне қойып, жарты пүттүк балғамен үрүп сұндыртты.

Үндістан палуакы өз мырзасын үйішімән, жайылған дастарқан, қүюялы шарабымен дәңгелек тақтайға отырғызып, төбесімен жетеріп жеді.

Отыз пүттүк пілді иығына тұрғызып көтерген Африка палуандарының көрді, тағы толып жатқан күш көрсетуді Париж халқы қошаметтеп қарсы алды.

— Ертең Россия палуандарының өнерін көресіздер, — деді цирк басқарушы.

Соғылған кол Парижды жаңырықтырды.

Цирк ашылғанда орталық шенбердің іланында басқа палуандардың дайындағыштың қоятын ойын заттары көрінбеді. Аланың жартысынан көбісін басып, дәңгелек, қалың тақтай жатты. Осыдан басқа заттар көрінбеді.

«Е, бұлар жүгіріп, секіріп бір нәрсе көрсетеді өкенғой... онсы күнде көретін ойындарымыз шығар», — деп ойлағандары болды. Россияның палуандарын күтіп отырғандардан: «Орыстар бала-шаға жіберіп, суретін көрсете алмай отыр-мыс», — дегенді өсіткөндер: «Мына сүйеуілі

тұрған дөңгелек тақтайды же істейді екен?.. Осындағы ауыр заттарын жабылып тасып жатқан ғой» — десін, оқуды жаңадан бітірген дегенге әйтеуір «кішкене бейнелі біреулерді» күтті. Қөргенше ынтықсан жүрт, қолды соқкан үстіне соға түсті.

Әдет бойынша палуандар ортаға шығып, басқарушы атын айтқанда бас шүлғыр болар еді, бұларда ол жок, тіпті цирк ішінде өздері де жок. Азар дегендеге, цирк басқаратын француз шықты.

— Орыс палуандарының күш көрсететін ойыны басталады,— деді ол.

Елендеген ел, цирктің қосалқы есігіне қарады. Он сөзі пүттық, рельске цирктің жыйырма бес қызыметші адамын мінгізіп, денесінің бұлшық еттері жел үрген күмның бүйреттанған үріндісіндей білеуленіп, біреу шықты. Жыйнак, керіп басқан аяғынан иығында тұрған ауырлықты ешқандай әсері білінбей, бейне мереке маршында басып келе жатқан әскердің адымы съяқтанды. Соғылан қолдық шатырынан:

— Шығыс Европаның үздік атағын алған орыс палуаны — Поддубный,— деген сөздер еміс-еміс хейбір кіслердің ғана күлағына шалынды.

Палуан цирк алғанын бір айналып, ортаға тұрды да, отырған елден тары бірнеше кісі шакырып, рельстің екі басын бастыруды. Қырықтаған адамның салмағы рельсті ишп, жерге тигізді. Соншалық салмақты көтерген орыс палуанның шоқтығы — Париж циркінің түндігін түртіп ашқандай болды. Оның артынан сегіз пүттық екі сандық тасты қолтықтап, екі пүттық шойын балғаны тістеп келген палуанды:

— Россия палуаны — Дмитрий Мартынов,— деді жөншілікке.

Оның артынан бес пүттық екі кір тасты екі шынашашына іліп кірген палуанды:

— Бұл сахалинін Иван Корень,— деді цирк басқарушы.

Жеті палуан осындағы ауыр заттарды үстай келіп, ортаға сап тартқанда, басында айыр қалпағы бар, үстіне ала жібек шапан қиіп, жалпылдақ жұнді үлкен айыр атанға мінгел біреу шықты. Бұл көрініс Европа еліне шығыстан жаңа артист келгендей болды. Балалар шуылдал, үлкендердің үрган шапалағы оның атын айтуда да мұрша бермедин. Орындарынан тұрып, бірінің иығына бірі асылып қарағ, цирктің іші дауыл соққандай болды. Бірақ палуанның олармен жұмысы болмады. Түйеден түсе қалып, алдыңғы екі аяғын балтырымен қағып жіберіп:

— Шек! — деді.

Иығынан үстап, тұқырта басқан күдіретті кол атаяның үнін «мыңқ» еткізіп, бір шығарып, шөгеріп тастап, сыйрактарының бүктесініне қайысты іліп жіберіп, баурына салған қайыстан үстап, қаша иығына қағып салып, түйені көтеріп, циркten қайта шығып кетті. Көзін қадаған жұрт қалай көтеріп кеткенін де білмей қалды. Артынан бармақшы болған балаларына тоқтау салып, шулалған ел цирктің ішін жаңғыртты.

— Қайда? Қайта келсін, — деген дауыстарға:

— Қеледі, — деп булықты басқарушы.

Қайта көруге асырып, есікке үңілген елге, палуанның ақ қалпағының артық айыр үштығы көрінді. Соғылған қолдың жаңғырығы, циркті барабанның шанағындағы гүрсілдегі.

Цирктің інді төсөген орталық алақына салған тактай сүйемдей жерге кіріп, тісімен тартқан арба ортаға келіп тоқтады. Қемжере жабылған ақ жабудың төрт жағына бірдей карамен жазған төрт тілде: «Жетпіс бес пүт», — деген жазу тұрды.

— Шығыс Еуропаның «үздік» атағын алған Россия палуаны — Қажымұқан Мұнайтпасов... — деді басқарушы.

— Бұл орыс емес — маңғұл,— деген дауыстар шықты.

— Я, не мангол — рус из қазақской стрії. — деді
коңыр дауысты манқалау сөйлейтін палуан.

Музыка жайлап, алуантүрлі үнмен ойнай бастады да,
үн ыргағымен орыс палуандары өнерлерін көрсете берді.

* * *

«Қаласын кездім тұлай дүниені,
Тұнтыттым Россияда казак елін,
Үстімнен жүкті автовоз жүрген уақта
Сонда да қайыспаған қайран белін!..» —

дейтін Кажекен...

Лом темірді мойнына бұрап ғалстук ету Қажымұқаның женіл өнерінің бірі еді. Оны жүрт көрді. Музыка долдана тартылды. Жатқан сандық тасты төрт кісі азар көтеріп, кенеп қап төсөлген қеудеге қойды.

— Кәні, кім үрып сындыра алады? — деген көмшілікке сұрау қойылды.

— Мен үрамын,— деген біраз адам, екі пүт балғаның сабын үстап, басын көтере алмай, тастай берді.

Кезі жымыйып, екі алақанымен тастың екі шетін еп-теп көтеріп, жалаңаш қеудесінде сегіз пүт тас қойып, шып-шып тер шығып жатқан Қажымұқаның қеудесіндегі тасты үрып сындыру да көп адамға оңай емес еді.

— Мен көрейін,— деп Индияның Рига-Рибер деген палуаның балғаның сабын үстады.

Тасты бір үрғанда сындыру шарт еді. Қәрі бүркіттей тұмсыры оралған алып индус, балғаны құлаштын кере көтерді. Ол, сонау түкіз арыстандай көрініп жатқан қеудеге гүрс ете қалмақшы. Найзарайы жарылмай түйілген бұлттай бұлығып, музыка үнін өшіре қалды. Мындаған көздер көтерілген балғаға қадалды. Қауыпты көрініске көз тоқтата алмай, бетін бүйіріне қарай бұрған сан адам болды. Тынған музыка жарылған бомбадай, шанқ ете қалды. Шойын балға тиген тастан от жарқ етті. Екі бе-

Лінгек тасы алаканымен атып жіберіп, палуан үшіп тұрды.

— Дегенмен, мәдениетсіздеу ойын екен... — деді немістің бас палуаны.

— Россияның есейген палуанын іздел отырған біздің палуандарда осындай күші бар жас палуандарын жығамыз деген үміт қалды ма екен? — десті шетелдің дипломаттары өзара күнкілдесіп.

— Ертең курсес басталады, — деді цирк басқарушы, тарагалы орындарынан тұрған көпшілікке.

Париждегі халықтың сол күнгі әңгімесі орыс палуандарының тенеусіз күші болды.

* * *

Цирктің билеті мөлшерсіз қымбаттады. Жұмысшының жеті күн істеп тапқан ақшасы циркке бір кіруге зорға жететін болды. Оның үстіне, ертемен барып билетті саудагерлер жыйнат алып, кешке екі бағасына сататын болды. Сондыктан жұмысшылар тек түйе көтеріп, рельс иген орыс палуандары курсетін күнді ғана ғанды. Кезекпен кіріп, көргенін біріне бірі айтып әңгімелесті.

Куресетін қырық төрт палуанның екеуі орыстар көтерген рельсті көтереміз деп мертігіп, қатардан шырып қалды. Қалған қырық екі палуаның курсесі басталғанда, алғашқы он күнінде орыстың екі палуаны — Поддубный мен Қажымұқан емшінің справжасімен курсое жатнаспай, тек үздіксіз желіп, көріп отыратын болды. Үндістаниның палуанын араб палуаны, арабты — түрік палуаны, италиянды — ағылшын, ағылшынды — неміс, немісті — француз, француз палуанын — түрік жырып, күші басымдардың шоқтығы көрініп-ак қалды. Қолданатын әдістерінің де беті ашылды. Орыстың екі палуанының катнасуын сұраған жүрттың тілегі көбейді. Тымауратқам палуандар тәуірлеңіп, курсеке қатнасты.

Күрес екі айдан асқанда отыз тоғыз палуанды Под-

дубный жырып, отыз сегіз палуанды түріктің Хажы-Фали, отыз сегізді Қажымұқан жырып, бірінші орын үш палуанның куресімен шешілётін болды.

— Ертөнді күрес — Қажымұқан мен Хажы-Фали, — деп жариялады, цирк басқарушы.

Ел ертөнді билетті циркten сатып алысып, тарқады.

* * *

Париждың орталық бағын сайрандаپ қайтатын палуандардың күндегі әдеті болатын. Қажымұқан ала шапан, ак қалпағымен, бір қадақ ауырлығы бар күміс шашасын қолына ўстап, бак ішінде келе жатты. Күнде бірге жүретін Поддубный өкілдікке кетіп, бүгін жалғыз еді. Қауызды қалың ағаштың жаңына бара бергенде, күтпесген жерден бүйірлеп, шашақты қызыл тақыя киген екі түрік шыға келді де:

— Туған, сәлем,— десіп, колдарын кусыра амандасты.

Әлденелерді ойланап, жай басып келе жатқан адам, бөгелінкіреп:

— Сәлем, сәлем, — деп бетіне қарады.

Біреуі өзімен кеше күресіп жығылған Қара-Мұстафа, бірі сұлу киінген түріктің біреуі еken. Шыққан жағына қарай колдарын үсынып:

— Мархаба, мархаба — десті.

Ағаш арасындағы беседкадан дабырлап сөйлеген бір топ түріктердің үні естілді. Екі түрік екі колтығынан сүйемелдеп, Қажымұқанды сонда алып келді. Ол жерде жеті — сегіз түрік бас құрап, ортасында ак жібек кішкене сәлде орап, жағасына үлкі белгісін тақжан белгі де бар еken. Қальянға темекіні үйе салып, кенірдек резинкамен кезек тартып, бұрқыратып отыр. Бегінен басқасы орындарынан тұрып, «мархаба» айттысып, амандасты. Өзара араб тілімен сейлесіп, қарқылласып күлісіп алды. Олардың не айтып, не қойғанына Қажымұқан түсінген.

жок. Мұның бой бітім, тұлғасына бегі сұктана қарады
Ол кезде Қажымұқаның құлақ, аузы аман, семіріп, де-
несі бұзылмаған, сүлу кезі болатын. Иіні тақтайдар жал-
пак, неудесі кебежедей керілген шығыңқы, жуандамаған
мойныңан басы үлкен жерініп, бейне бір суретін салған
арыстан сыйыты еді. Айнала қарал:

— Шох гозал игіт ha!... — деді жанындағыларға.

Түрік тілі түсінікті болар деп, бірі:

— Сен, мұсылман, қардаш Туркистани дүр,— деді
жаурының сыйпал тұрып.

Не айтқанына толық түсінбеген Қажымұқан ойланып
тұрып:

— Я не понял,— деді орысша.

Түріктер тағы араб, түрік тілін араластырып, өзара
біраз қауғырласып алды. Бек орысша сөйледі:

— Сен түрік нәсілді, мұсылмансың ғой? — деді.

— Я, пұсырманымын.

— Сендердің әкімдерің орыс емес де?

— Я, әкіміміз орыс, болысмызың қазак.

— Сендерде мешіт, медресе болмайды емес де?

— Біздің қазаққа олардың керегі де жок. Қошпелі
ел болған соң, оны қайтсін? Түйеге артып жүрэ аза ма?..

— Сауда, саудагерлерің де жок. Сендерде тұрғылық-
ты базар да болмайды ғой?

— Ой саудагерлер деген судың балыры емес де?.. Ел
бар жерде олар да бар. Бірақ қазақтың жек жерстіні
сауда. Сауда деген — алдау, етірік емес де? Біздің ел он-
дайды сұймейді. Базар болмаса да, ел арадаған алықса-
тар толып жүреді.

— Барлығы орыс шығар?

— Орыстар аз болады. Кепшілігі тетар, езбек, түрік,
азербайжан, саудагер қазақ та аз емес.

— Сен орысты жақсы жересін бе, мұсылманды жақсы
жересін бе?

— Мен, алда, етірік айтпайтынды жақсы жеремін.

— Ендеше етірік айтпайтын мұсылман ғой.

— Эй, қайдам?.. Эжем айтушы еді: біздің елде пайғамбардың әулеті жоға болыпты. Елдің малы көп үрлаңып, табылмай кете береді екен. Бір казак қожаның тунде қайырган тасбығын тыңдаса:

— Айналайын, тасбым, сенен,
Кұман емес ешкім мепен.
Менің нәпсім болды бәле..
Жетіде жеймін бір тана
Илалаһа илалла,—

депті. Сондай мұсылмандар толып жатыр. Оны өтірік айтпайды деген бекер. Қой, мен кетейін — деп, Қажмұқан отырган орынан тұрды.

— Сен кішкене сабыр ет, қардашым. Қайда бармакшы едің?

— Кешке күресім бар. Мына сусын сататын жерден сыра ішем де кайтам.

— Ол осында бар. Қәні, қардашпен танысқанымыз үшін — тағли шаралтан күйип жіберіндер,— деп кісілеріне қарады. (Қажымұқан арак, пиво, виноны — тұқыл шарап дейтін: «сол түріктердің «тағли шарап» деген сөзін қызық көріп, айтып көттім» — дейтін.)

Хауыздың салқын сұына салып койған үлкен құміс кезені алып келіп, құміс кеселерге толтыра-толтыра қызыл виноны құйды. Түріктермен соғыстырып, екі рет жүтып жібергенде, Қажымұқаның шекесінен тер бүрк ете калды. Басындағы қалпакты жүліп алып, бетін желпіл-желліп жіберді. Күлшынып жұтқан палуанға әрқайсысы үсынып, үш-төрт кесені кезектен, артық ішкізіп жіберді. Қызып алған Қажымұқан балпылдан, өлең айта бастады.

— Сұрасан Қажымұқан менің атым,
Ортажүз, үзын Қыпшак арғы затың.
Арғы атам — қара Қыпшак Қобыланды
Колдайды курескенде жұрагатын...

— Қандай керемет әдемі өлең! — десіп, түріктер гүілдесе бастады.

— Тұысқандарым, сендер үшін ішейін,— деп тағы екі кесе тартты. Кезі жымыйып, колын көріп, білегінің бұлшық еті ойнал, ала шапанның женін бұлкілдете бастады.

— Қардашым, қалай... тұысқандарының ортасында отырғаның есінде сақтала ма?

— Ешуақытта ўмыттаймын.

— Бұғін кіммен куресетінді білесің бе?

— Маган бәрібір. Созылатын колы, үстайтын белі болса болды. Кім де болса куресе берем.

— Сен олай деме, бәнайы исламды есіне ўста. Бұғін куресетін кісің мынау,— деп бек өз жанында отырған қысық шеке, орақ мұрынды, дөңесі Қажығұқаннан бір жарым еседей үлкенірек Хажы-Ғалиді көрсетті.— Бұл кәпір мемлекеттерінің отызы сегіз палуаның жығып отыр. Ендігі қалған екі палуан орыстікі. Оның бірі сен. Сен Хажы-Ғалиді жықсан, жаһан палуаны атағын кәпірлер алғалы отыр. Егер сен жығылоң, мұсылманның әк туы көтеріліп, жаһан палуаны атағын ислам алыш, хазрети Ғалидың аруағы риза болмак.

— Е, мұның мәні бұй жағында өкен той! — деді, шараптың уыты көзін қызарта бастаған Қажығұқан.

— A-ha! Енді түсінді. Қуресте дін үшін жығылу былай-тұрсын, әрбір мұсылман шәһит болып, жан беруі керек.

— Дұрыс, енді не істе дейсін?

— Бұғін Хажы-Ғалиден жығылып, абройды мұсылманға алыш бер. Ол үшін сыйынды Стамбулға барған сон, айырықша аластын. Мен айтамын, халифа өз қолымен береді.

— Ей, анауында қалғаны бар ма? Тағы бір құйып жіберші,— деп шарап құйып отырған түрікке иек қақты.

Күміс кесені шеңберлете көзедегі шарапты сарка құйып, әкеліп берді. Тәмен қараш, ойланып отырып, шарапты сіміріп жіберді де:

— Жарайды, абыройды пұсырманға алыш берем,— деді.

— Алланың раҳматы жаусын! — деді, бектің беті гүл жайнап. Қажымұқан қалпағын кимей, қолтына мұжылай үстап, қош айтпай жүре берді.

— Неге қош айтпайсын? — деді Мырзә-Ахмет палуан құліп.

— Кешке циркте кездесеміз рой, оған шейін қандай қош айту керек? — деді жататын жеріне кете берді.

— Мұнысы жығылатын болды. Ендеше орыстың кайтсөң де жыгуын керек — деп, бек қарқылдап құлді.

— Мұсылман деген сөзді тузу айтпайтын адамды мұсылман деп сеніп болмайды. Бес кісінің ішетін шарабын бір өзі ішті, сол буынына түсіп, бірдеңе болмаса, «жарайды» дегендің мен иламбаймын,— деді түрік палуаны ауыр курсініп.

— Аңғалдау адам рой, мұсылмандығын тағы бір есінде түсіріп, бисмилла айтып үстас. Жырылып қалуы мүмкін. Неде болса кешке көрдік.

* * *

— Араб, Парсы, Мысыр, Үндістаның, Улы Британия, Германияның палуанын жылқап түрік палуаны Ҳажы-Фали — орыс палуаны Қажымұқан Мұнайтпасовпен француз техникасымен куреседі. Срок жыйырма минут,— деп жариялады басқарушы.

— Аяқ басып түрарлық ашық жер қалмай, лық толған халық колдарын. күніренте сокты. Жаңғырықкан дауыстың арасында француз тілімен:

— Екеуі де мұсылман палуаны... — дегендің бір түріктің көмескі даусы шықты.

Бірақ оны елеген жан болмады. Аланға кердендей басып төбедей болып түрған түрік палуанына ала шапанды шешіп атып жіберіп, түгі жок арыстан бейнелі қара келіп җарсы алдына тұра қалды. Адуын палуан езінен кішкене тұлрага қызыққандай, пілдің балтырындағы

лекпен желкеге беріп жіберді. Бұрын қандай алып пал-уан болса да, оғырылған шынардай, етпетіштің бір түсестін еді, Қажымұқанға да жекіл тимеді, еңкейінкіреп ба-рып, бойын жазып алды. Алғашкы күшімен жырып бас-пағанына ыза кернегөй түрік қайта тап бергенде, ыскы-рық шырылдап, басқарушы жолын бөгеді. Француз куресінде алғашкы қол тиғен соң жерге жыра ~~ж~~алмаса, кезегі өткен болып есептелетін еді.

Қажымұқанның көзіне ашу оты ойнап шыға келді. Бұл сияқты аяусыз қыймылдаған ауыр колдан арқасы-на тиғені осы болды. Тынъық теніздің бетіндегі, қыймыл-сыз көзін қадаған мындаған адам: — «Мына орыстың палуаны жығылып қала жаздады», — деп отырғандай сезілді.

Парижға желген күннің ертеңінде Степан Николаевич: «Отанның абройы — Россияның барлық адамының ортақ абройы. Сол Россияның таласқан иті болса да, же-ніп шыққанын тәуір көреміз,— деп еді. Сол Степан Николаевич цирктің бір күсында тілеуін тілеп отырғаны: Қажымұқанның көз алдына келді. Эжесі Айсары: «Аты шығатын адам — алдымен өз басының намысын корғайды. Өз басының намысын корғай алатын кісі — ауылдың абройын сактай алады», — дейтін. Қажымұқанның жығылғанын әжесі естісе не болмак? Ақ самайлы, ауыр де-нелі кемпір Степан Николаевичпен бірге циркте отырған сияқтанып кетті. Адуын күшті ашулы ыза кернеп, тісін бурадай қаршылдатты. Ортада тұрған курес басқарушыны иығымен қаға ўмытылып, нарбастанған түріктің піл мойынды палуанына шап берді. Ол мойына жабысқан колдан аспаннан түскен жайдың оғы екенін, не электр-дің тоғы екенін сезбеді, тау күласа талжылмайтын денесі — қаңбақтай дөңгеленіп, кайда кеткепін сезбей қалды. Иегін иығына қыса келіп, енкейе беріп, басынан асыра атып жіберді де, арлан қасқырды алған бүркіттей, бас-салды. Оның жайдың жақ ағашындаі ілініп, астына ту-сіл, жаурынын көтеретін аяғы бүгүгө келмей қалды. Ең-

кейіп, жауырынды көрген басқарушы ыскырығын алды да, сағатына карады.

— Төрт минут ішінде түрік палуаны **Хажы-Ғалиді** Россия палуаны **Қажымұқан Мұнайтпасов** жыкты,— деді.

— **Қөпайұғлы**, мұсылманшылық арың, аның қайда? — деді, кос қолын тіреуіштеп, орнынан азар тұрып жатқан **Хажы-Ғали**.

— **Жығылыш алған мұсылман атактан — жығып алған палуан атағым жақсы!** — деді ашуы әлі тарқамаған **Қажымұқан**, кабагы түйіліп.

«Менде жығылайын деген ой өмірімде болып көрген емес. Әсіресе, тап сол сағатта өзімде айрықша сезім болды. Өзінің күшіне сенбей, маған түкіл шарап беріп отырып айтқан сөздері, пұсырмандыкты тықпалауы жүргіме кірпікшешенің түгіндегі қадалды. Қалай да аямауға бекініп едім. Оның маған «қөпайұғлы» дегенін көп кейін түсіндім. Ол иттің баласы деген сезі екен. Егер сол күні түсінгенімде, циркten тірі шығармайтын едім!» — дейді палуан.

* * *

Ертеңіндегі курес — Поддубный мен **Хажы-Ғалидің** куресі еді, қарқыны кайтып, аруагы қожыраған палуан, он төрт минутта жығылды. Поддубный қырық палуанды жығып, қырқып озып, алға шықты. Оның дүние жүзінің палуаны атағын алуы — өзінің досы баулып есірген шәкірті **Қажымұқанды** жығуғана қалды.

Қажымұқан Германияның **Ансымен** әлдеқашан куресуге тиіс еді. Ол, Поддубныйдан жығылған сон, көніл хоши болмай, күнде «сауыратын» болды. Бұрын ~~сөз~~денеп, ретсіз жерден-ак көріне беретін **Анс**, циркке сирек келетін болды. Қелсе, елеусіз жерде отыратын болды. Бірақ үш күн бұрын атағын жазып, әр көшеде алып суретін көрген палуанды ақырғы күрестен тайсалуға көшілік рүқсат бермегі. Күнде сұрап, шуылдап, еріксіз күрестірді.

Күнбекүн өрістеп өскен күшке күзгі судай күлдирал
қайткан күш төтеп бере алмай, жығылды.

Үздік шықкан екі палуанды ортаға алып шығып, ко-
миссияның председателі — француз:

— Дүниежүзілік күрестің бірінші, екінші орыны да
орыс палуаныңкі. Ол әкеуі — осы алдарында тұрғандар.
Берілетін белгі мынау, — деп, бірі үлкен, бірі кіші екі ал-
тын медальді алаканына салып көрсетті. — Бұл сыйды
қалай алса да осылардікі. Комиссияға қатнасқан он үш
мемлекеттің өкілі қаяусыз бакылат отырды. Койылған
шарт мұлтіксіз, бўзылмай, адал орындалды. Айлаамал-
сыз, алдау-арбаусыз үздік күш жығып отыр,— деді.

Соғылған қолдар кең циркте көрнегін жөнелді.

Екі баланың тәбелескенін көрсө, кешке шейін жолы-
нан қалып қарайтын ағылшын билеуші толғарының ежел-
ден ата салтына айналған емес пе? Солардың өкілдері-
не екі орыстың күрескенін көру біртүрлі қызық сыйкты
көрінді. Егер кара түсті адамды ак түсті біреу женіп жет-
се: «Ол ак наслідің айрықша біткен хасиеті». Ак түстіні
кара түсті жене «аюдың адамды женғонідей уақыйға»,
— деп түсінетін адамдар өмірде соны көрпісі келіп ын-
тыкты.

— Дүниежүзілік күрестің жүлдесін кімнің жығып ал-
ғанын көзімізben көреміз. Күрессін, — деді белгілі дип-
ломаттар.

— Үйішіне тиген үлесті белгіп беремін деу шетел кісі-
леріне өрекелдік емес пе, мырзалар?.. — деді Степан
Николаевич.

— Шығыстық адамды біз Россияның үйіші деп ешua-
кытта есептемейміз. Бұл біздің шайнап-ак жем қылған
саясатымыз, — деді біреу.

— Эрине, дүниені белетін саясат. Болмаса, адамның
адамнан бөлінгісі келе ме?.. Күресеміз десе өздері білсін
Бірінші мен екінші орын Россияніңкі әкемі белгіленді,
— деді Степан Николаевич.

Екеуінің күресуін сүрап, қол соққан үш — тәрт кісінің

жанғырығын көпшілтік палуандардың жөнісін күттүктап, көтеріп кетті.

— Ағаның жолына әдепсіз кісі таласады. Бірінші орын мына кісінікі,— деп сыйрағынан қыса ўстап, тіп-тік көтеріп, иғына тұрғызыда да, Поддубныйды киінетін есікке алып кетті Қажымұқан.

Париждан әрбір мемлекеттін бас палуаның жылқанда алатын сегіз медальдарды косып, кіші алтын медальді тағыл қайтты Қажымұқан.

Оның әлемдік палуан атағы мен үлкен алтын медаль алуы осыдан сегіз жыл кейін, Швейцарияда болды.

IX. „ЖИБ-ЖИЦА“-КУРЕСІ

Палуандар Петербурға келген соң, олардың Париждары көрсеткен күштері жалпақ елге ертегі болып тарауды. Сауданың жарнамасы болып отырған кейбір газеттер, елеусіз жерге суреттерін басып, бір—екі қатар сөз де жазады. Париждары өкілдіктің сыйпаттамалары Сыртқы істер министрлігіне келіп, кейбір жеке кісілердің үсынысы бойынша қатнасушылардың берінде медаль берілді. Поддубный мен Қажымұқанға латшаның басын салған үлкен медаль тағылып: «Мұнайпастың баласы ак патшаның палуаны болып, соның өз үйінде тұрады екен», — деген қазақ даласына лақап тарады.

— Ой, тоба-ай, онда шоқынып кеткені ғой, ә!.. — десіп, кемпірлер аузын сылнылдатты.

— Қорғандердің айтуына қарағанда, шоқынбағаң сыйқты, басына шатырдай ак қалпақ, үстіне Бұхардың ала жібек шапаның кигізіп қойыпты дейді. Жұма қундері қөшеге шығып жүретін көрінеді, — деп қыдырма шалдар көкіді.

— Жалғыз көзді жынмен куресіп жығыпты. Өгіз мүйізді дәумен куресіп жығыпты, — десіп даурыкты біреулер.

— Қызыл сақал хазреті Мәдінің өзі Қажымұқан де-

генді айтты. Шамасы, қыямет-қайым жақындал, ўзамай Дажал шығатын болса керек,— десті біреулар.

Күлағы шалған казак, қалай да, Қажымұқанды бір көруге ынтыкты. Бірақ күреске құнығып алған палуан, шет мемлекетті кезіп, күрес іздеп кетті. Россия атына үят келтірмейтін палуашы бар орыстар, күрес болады деген қалаға іркілмей жөнеле берді. Қажымұқанның кейінгі сапары Лондон, Стамбул, Иран, Үнді, Қытай болып, үш жыл өмірі өтті. Қазактардың ауылда айтқан азызындей, ол патшаның үйінде тұрған жок. Тіпті, патшаны көрген де емес.

Ол кесеге күйған су ішсө де, көзіне ағаш арасында отырған бір топ түріктер елестейтін болды. «Олар мені пұсырманымын деп шақырып апарды. Тұқыл шарабын беріп, жықтауымды сұрады. Циркте бар жүшімен мойныма үруы қалай?.. Оның пұсырманына сенбетенім жаксы болды. Егер қаперсіз қалсам, мені жығып кеткен болар еді»,— деген ой есінен шықтайдын болды.

Дүние аралған палуаның үзын сапары Харбин қаласына барып, бір түйіктады. Онда қытай, жапон, корея, маңғұл елдерінін палуандары желген еді.

Сар-Кек-Ки — (Қажымұқан оолай айтады) Париждағы дүниежүзілік күреске қатнасқан жапон палуаны. Ол французыша күрестен Қажымұқаннан екі минутта жығылып қалған болатын. Жапондардың ежелгі әдеті бойынша күйгелек, ызақор, кек сақтағыш мінезі бар, көп сөз, күлкіні жек көретін палуан екен. Жапонның микадосы¹ кайығын жүргізбеген желді: «Орыс, Қытай жақтаі сокқан жел» — деп, елін өшіктіретін жапон ғой, Сар-Кек-Ки сол тәрбиемен жүргегін қатыраған. Қытай, жорейдің көп палуанынан басым болып, мактанышпен қайтамын дег. тұрғанда, өзін бўрамға келтірмеген «қара орыс» келіп қалды. Сар-Кек-Ки сол сапарда он екі палуанды жықкан. Күресті қайталап, уақытты созбас үшін Сар-Кек-Ки-

¹ Микадо — жапон патшасы (Редактор).

ді жеңген палуан барлығын түгел жыккан болып есептегетін болды.

— Курес французша болады,— деді комиссия.

— Мен жапон куресі «жиб-жициамен» куресем,— деді Сар-Кек-Ки.

Бұл куреоте ешбір ереже жок, кез келген жерінен үстап, жұлып тастай беру болатын.

— Иван Корень, сен жапондарға жақынсын ғой, мынаның айтып тұрған куресін білетін шығарсын, сен курес, — деді жат күрестің жайын білмеген Қажымұқан.

— Айта көрмел Таласқан иттей жарапланып қам жатсын? Мен куреспеймін, — деді сахалиндік Иваи.

— Мен «жиб-жициадан» басқа куреспен куреспеймін. Орыс палуандары куреспесе, бәйгенді шаптай алдып, женис менікі болады, — деп Сар-Кек-Ки. қасарып отырып алды.

Қынырайып, жерле қарап отырган түріне үкіліп біраз тұрды да, аузына аладан толтырып оалған насыбайын жерге катанырак түкіріп:

— Жаз мені, иттің куресі болса да күрестім! — деді Қажымұқан.

Өлгені үшін ешкім жауапты еместігіне екеуі де тілжатка қол қойды. Цирк жерушілерден екі кіті шакырыл, актыра қол қойғызы да, екеуіне де әз майна, труси кигізіп, арасын екі саржын жерден қоя беріп, конырауын шылдыр еткізді цирк баскарушы. Таулы жердің шағалындағы, жапонның тарамыстанғая темірдей қатты қолы Қажымұқанға сап ете қалып, орғып бір өтті. Жылдамдығына көз ілеспей, басына қолы тағы бір тілі, циркің екінші жатына қарай сөкірді. Қажымұқаның басы-көзін қаз басып, соғалаң жүре берді. Орыс палуандары орындарынан үшүп-үшүп тұрғып, ойнақтап жүрген жапонға тұра үмтұлысты.

— Шық бері! Өлдің ғой, байғұс! — деген ашы дауыс цирк ішін жаңғыртты.

Тәртішінің ысқырығы үсті-үстінен шырыллады, Сар-Кек-Киге тал берген орыс палуандарының жолын бөгеді.

— Қайда барасындар! — деді.
— Қарғыс атқан ит, өлтіресін бе?
— Қурестің ережесі сол. Шамасы келсе, ол да соның істегенін істесін!

Шабынған арыстандай үш палуан білек түріп, сыйбанған күйінде тұрып қалды да:

— Иттің қолың енді денене тигізбе! — деген, баркыраған ашулы үн шықты.

Жапон үшінші рет зуылдан келіп, қанра боялған Қажымұқанға қайта қолың сала бергенде, екі қолынан бірдей үстап, артына қайырды да, иығын бір көтеріп, жерге дәңбектей былш еткізді. Етпетінен салып, он тізесімен иығынан басып, сол аяғымен желкесін тіреп тұрып, сол колы Сар-Кек-Кидің үстінгі өрнін мұрнына қоса іліп, кейін қарай сыпъырды.

— Өлдім! — деп шыңғыран дауыс шықты.

Бірақ Қажымұқанның өшті борсығын бүріп әкпесіне сұғыл жатқан бүркіттің тұмсығындағы қолы, ол дауыска рақым еттеді. Оның жұлдынған күлактары мен жырылған астыңы өрнінен тұлабойды жатқан қанды ауыр денесі қозғалмады. Сар-Кек-Кидің бас терісі сыптырылып, желкесіне келгенде, цирк басқарушының сылдыраған қонырауы естілді. Музыка қысқа қаза күйін мыңқ еткізді. Бұл сыйқты жабайылық үрдісті қалттына сіңірген ол да бұған ерескел деп қарамады. Жапон палуаны емханаға барып өлді. Қажымұқан бір ай емделіп жазылды. Бірақ оның дядя Ивашың мектебінен қалыптасып қатқан сұлу денесінің сыйқына біраз ажарсыздық енді.

— Мен Жапонияға баратын едім. Сар-Кек-Ки өлтірек сон жолдастарым жібермей, Россияра қайттык,— деді атақты палуан Қажымұқан Мұңайтпасов.

— Жайылған жер-дүниеге менің ісім,
Адамды таңдандырган қара күшім.
Ойлаған өлтірмек бол Сар-Кек-Кидің
Сыптырам тұлқідей қып, бас терлең...

Х. МЫРЗА

Мың тоғыз жұз он төртінші жылдың қысы. Империалистік қанды соғыстың бейнесіндегі, қыс та қақағаш қатты болды. Екі күннің бірі бұрқыраған боран, жаяу борасын, ызырық, шытынған аяз еді. Ақырған ақпаниның бас кезінде көмілген қарын екі аттан сүргілетіп тартып жатқан ауланың қақпасынан үстіне қайырма жағалы қаскыр ішік киген, басында қазандай қалпағы бар, колышна кісі сыйғаңдай сандықты бау тарып үстаған біреу кірді.

— Эй жігіт, Күрттыбай, мырзаның үйі осы ма? — деді қаратерге батып, шөмелей қарды сүргімен айдай, ауладан шығарып бара жатқан жалшыға.

Күрттыбай қызылжарлық белгілі саудатер еді. Бұл ауланың жартысы Европа үлгісімен салынған салтанатты үй болса, бір жағы үйілген шөл. Шанаға жегетін туғе, сойылатын өгіз, жекіл шанаға жегілетін ат, сатылатын қойларбылығып жатыр. Тұнімен борап кемген қарды, шашылған шөп-шаламды жыйнау — ондаған жалшыға айналмалы күнтәулікке үзілмейтін еңбек, — күндегі әдеті болатын. Қажыған жалшы жара қалпақтыға анырая қарады да, үндемей өтіп жетті. Оның қайтып келуін күтіп, жолаушы қақпаның алдында тұрып қалды. Кейінгі сүргіші барғанда, алдыңғы сүргішінің аты үйілген қарға омбаларап, батып жетіп, атын шығарға алмай жатты. Екеулен тартып, қаратерге батқан үстіне бата түсті. Қақла алдында жалшыны күтіп тұрган қалпақты тықыршип, ма-засы жетті. Сандығын қақпаның босағасына қойып:

— Ей, сендер не қып ырысладап жатырсындар? — деді жақындан келіп.

— Мырза, көрмей тұрсыз ба?

— Көргенде, бас-аяғын кессе бір қазан ет тулакты сүйреп тастай алмай жатқандарың үят емес пе?

— Эрине, мырзаларға солай жөрінеді ғой. Сіздер етті ғана білесіздер. Салмағын — көтерген кісі ғана біледі!

— Бұлардың сөзін қайтесін, оен барып күрек ажел, қарды қазып алайық, — деді бір жалшы бір жалшыға, қасқыр ішікті қалпақтыға ашулы қөзінін қызығымен қарал.

Бір жалшы үстіне жабысқан қарын қағып, кораға қарай, қарға батпаған іатты бұрды.

— Эй, токта! Сүргінді ағытып, қардың үстіне жөлдеп сал. Қүрекке әуре болып қайтесін? — деді бейтаныс кісі.

— Неге, мырза?

— Эй, қайтесін мырза-сырзаны! Мен атынды шығарып берсем болғаны емес пе? Қарға аяғым батпайтындағы етіп, тақтайыңды тасташы! Неге екенін саған көрсетейін!

Қарға аты батқан жалшы, ожырая, көз астымен қарал:

— Элпеті аю сыйқты, не қылған неме, қайдан желіп түр осында? — деп күбірлеп койды. Аты батпағаны, не кетерін, не тақтайды шешерін білмей, дағдарып қалды.

— Ей, әғыт деймін тақтайды!

— Қатып қалған қайыс шешіле қоя ма, мырза? Барып күрек алып келем...

— Ой, тәйір... күрек, күрек!.. Былай әкелмейсін бе? — деп, сүргіш тақтайды бір колымен үстап, батқан атқа қарай сілкіп жіберді. Бала сүйреген штшанадай ысырылып, төрт аяқтаған ат, сүргі тақтайын, басын үстап түрған адамымен үйінді қарды түрліте жиектей келіп шоңкыйды. Тақтайды батқан атқа жақындастып, көлденен тастанады да, аттың жал, күйрығынан үстап: «Һап!» деп бір сілкіті, қарға қарны кейтеліп түрған атты қазықтай суырып алыш, қардың етегіне қарай домалатып жіберді. Шығамын деп шашып, булығып қалған ат, түяғы қатты жерге тігөн сон тұрып, сілкінді де, жанындағы атқа қарал оқыранды. Екі жалшы түс көрген кісідей, бірін-бірі қарал, үнсіз танырқап, белгісіз кісінің бетіне қарады. Аттарының делбесін үстап жатып:

— Мырза, сандығыңыз далада қалды ма?

— Я.

— Біреу алып кетіп жүрмесе ігі еді. Бұл көшемің бейсеубет жалған сандыкты тышкаңдай тасыттын бала-лары аз емес...

— Іліп кететін балалар сен екеуіндегі болса, қанша жерге аттарар дейсін! Оның ішінде кіші-гірім аттай салмак бар.

Жалшылар, аттарын желдіре айдаң, қорага жірді де:

— Жігіттер, сұмдық!.. Не Дажал, не Мәді, әйтеуір екеуінің біреуі. Солардан басқаға бейнесі ўксамайтын біреу келді,— деп кораның ішінде кар күреп, қырбақ сыйрып жүрген жігіттерге үрейлене сөйледі.

— О, пемене?

— Несін сұрайсын?.. Дәу!

— Не деп шатасып тұрсындар? Көздеріне бірдене елестіген бе? Осы заманда дәу болушы ма еді?!

— Эне, эне кірді аулаға!

Аула ішіндегі жалшы жігіттер танырқай қарасты. Өзгеден айрықша үлкен болмаса да, қалың қасқыр ішік киген дене, танырқап қарағандарға алып сыйкты көрінді.

— Япыр-ай мынауың жай емес екен! Колындағы сандығының өзі бір шанаңың жүгі гой. Қалай өзі, тіл қата ма, сейлестіңдер мे? — Кім екен?..

— Сейлестік.

— Тілі қандай, кәдімгі адамша сейлей ме?

— Орыс тілін араластырып, қазақша сейледі.

— Ендеше, татар екен гой...

— Білмедік, кім екенін. Түсіне де көз тоқтатып қарай алғанымыз жок. Шұнақ ешкідей күлалы бүріскен, еріні жырым-жырым біреу. Қиіміне қарап, мырза деп едік, көтеріп жүрген сандығына қарап, кім екеніне де түсінбей қалдық...

— Ал дәу скетін қайдан біле қалдындар?

— Атың түгіл, түйеніді түйме күрлы көретін түрі жок! Біз оны не Дажал, не Мәді деп жай айттып түр дейсіндер ме?..

— Ал, сейлескенде не айтты?

— Күнарлы ештеге айткан жок. Манқалау ма, қалай?.. Ыкранған арыстандай, үні де біртүрлі шығады. Тек, мен әрі шығып бара жатқанда: «Күрттыбай мырзаның жорасы осы ма?» — деді. Мен бетіне де анық назар салмай, асығып жетіп қалдым. Аттың қарға бातқанын көріп, өзі барды да, мемлік сургімді аяғының астына салып, атты шығарып берді.

— Е, іштен¹ келген мырзаның достарының бірі тағы...

— Жок, мырза болса, ат түгіл, адам өліп жатса, мояның бұра ма? Мынадай дәу сандықты қолына ўстап жүрген қай мырзаны көрдін? Адамға жетертіп, арба жалдамас па еді!

— Рас-ау өзі... Мырза болса, қарға батпақ түгіл, қана батып жатса да аттап кете бермей ме? Бұл жай адамның біреуі шығар.

— Онда кім болды екен? Мырзаның үйіне барып, қіріп те кетті. Жай-жапсарын да сұрай алмай калдық-ау?..

* * *

Күрттыбай мырзаның ауыз үйінде жататын аңшы иті арас етіп, үні бір шықты да, «най» деген қомақты үнінен сескеніп, есіргі ашық түрвян ғасүйге сұнгіп кетті. Бұрын бүйтпейтін иттің қыңызылынан қудіктеніп, ас пісіруші әйел шошып қалды. Элі үйкіда жатқан мырзаның үйішіне, қонақтарына ас дайындалат, алауланған оттың ортасында жүрген әйел, қолына май қалағын ўстаған күйі, ауыз үйге шықты.

— Бәйбіше, Күрттыбай мырза үйде ме? — деді гүрледеген бір үн..

Мыйықтата жиекті қара қалпақ, киген бас, ак қырау басқан касқыр ішіктің жағасынан қысая қарағанда, ас пісіруші әйелге бейнеле бір аю сөйлеп түрвяндай көрініп кетті. Ишегін ұайлте бір тартып, мырза жатқан белмеге

¹ Россиядан.

карай жүгірді. Есікті әдеттегідей қағып кіруге де мұршасы келмей, бірден ашып:

— Мырза! — деді ашы дауыспен, ояңғанына көп уақыт болса да, тұруға ерініп жатқан Құрттыбайға.

— Немене? — деп ол да үрейленген әйелге қарады.

— Келді.

— Кім?

— Қара қалпақ, қасқыр... бір...

— Не деп шатып тұрысын?! — деп мырза басын көтерді.

Әйел қайтарып сөз айтпай, сырғып, мырзаның есігінен шығып, бәйбішкенің бөлмесіне кіріп кетті. Мырза:

— Не дейді, бұл малғұн?! Қалпағы же, қасқыры не мұның?.. — деп асырып, шалбарын киіп жатты.

Даладан қар қуреуле көмектесіп жатқан үй жұмысының жалашысы «дәуді» көруге, асыра үйге келіп еді. Ауыз үйде тұрган қонақты киім шешетін бөлмеге алып кіріп:

— Киімізді шешініз, мырза, мен қожайынға хабарлайын, — деп шығып кетті.

Қонақ сырт қиімін шешіп, шепеге іле бергенде:

— Сен неме, қайда жүрсін өзің? Үйге бірдене кіріп кетті деп үрейлендірді ғой әлгі бір ас пісіруші малғұн! — деп жекіген үн шыкты.

— Мен қар қуреп жатыр едім, мырза. Сізді сұрап, қара қалпакты, қасқыр ішікті бір мырза келді. Сол кісінді айтқаң шығар.

— Е, қасқыр ішікті дейді?.. Қайдан келіпті?

— Оншалтыңын білмедім, мырза әйтеуір киім формасы іштен келетін қонақтар сыйкты.

— Еядаше, онан несіне шошынып жүр, сәпелек! Үйге кіргіздің бе, жүгі бар ма екен?

— Басқа жүгін қайдам, колында эйдік саңдыры бар. Шешінетін үйге кіргізейін деп едім, орыннан қозғай алмадым. Өзі көтеріп жүргеніне қаралғанда іақша болуы керек.

— Бәрекелде, сөз осылай болсын дағы! Элгі бір неме үрейлендіріп, асырып киімімді киे алмаш едім. Кініп, бе-

ті-жынысы жұрания, іштен желгендөр жергін қонақүйге кіргізе бер, — деп мырза балмесіне қайта кіріп кетті.

• • •

Күрттыбай мырза таза жуынып, европаша киініп, қонақүйге кіргенде, қонақты көріп, селтіл, есік алдында тұрып қалды. Оның ойланып келген тәтті қыялына қонақтың бейнесі үйлеспей қалды. Оның ойниша, ақшамен келіп, мындан мал алып қайтатын, шеп тықсан қанарадай щаңы илікпейтін біреу болар. Ак жағасы жарқырап, алтын сағатының шынжыр бауы омырауда айқыш-үйқыш салбырап тұратын көпестік бірі гой деп келгені, өмірінде көрмеген бейнелі біреу болып шықты. Саудатерге үш ойласа үйқасы келмейтін, жай адамға тағы үйлеспейтін, мұғалым, инженердей де емес, шұғадан шалбар, бешбеті бар, тенге таққан баланың шапаныңдай, бешбетіне жағасынан етегіне шейін медаль таққат біреу отыр. Екі өнірінде түйіме қадарлыктай орын қалмай, шешеалуан шаградты таға берілті. Ішінде алтыны да, күмісі де бар, мысы мен қоласы да бар. Қозғалса жел союзан алаштың жапырағыңдай, салдырап тұрған бір нәрсе. Мүндай жөп шаградты Күрттыбай табактас болған губернаторларынан да көрмеп еді. Эскери адамға үйгәрайын десе, оның да ешқандай белгісі жок. Дал болған мырза анырайып, тұрып-тұрыш:

— Ассалау мағалайком,— деді.

— Саумысың, Күрттыбай мырза? Бұл Россияның дүниежүзілік палуаны Қажымұхан Мұшайтқасов.

Әдеменше жыл атағы жер жарыл, бүтін ел болып көруге ынтымақтан шалуаның үйіне шелгенине сүйінді де, пайдасы тиетін саудатер болмағанына күйнеді. Рекікіген райын ішіне тартып, сездірмеске тырысты. «Қалай да кеп жатқызбай құтылу жерек. Тайдың еті таңдағында қалатын бұл алып, меві не үшін іздел келді екен?..»

Бұл арада Күрттыбай мырзаның есіне Улттау болышы мен сол едін бір аксақалтының сейдескені түсті.

«Шырағым болыс, патшаның бүйріғы деп, койды көп жыйнат жібердіндер. Патша мүндай қойды қайтеді екен?»— деп сұраған екен алғи аксақал болыстан өткен күздің бас кезінде. Болыс: «Аксақал патшага қашыға жой болса да көптік қылмайды, — депті. — Петербурда Қажымұқан деген қазактың бір палуаны бар көрінеді. Оран күніне бес жой зорға ас болса керек. Оған не шақ келсія? Соған беріп жатқан болар». — «Астапыралла!.. Есітпеген елде көп деген осы-ау... Сонда жылына 1800 жой жегені дағы», дейді аксақал.— «Екі мыңға жуық жой ғой!..» — «Әй қарағым, кайдан білейік?.. Петербурда палуаның бары рас та шығар. Бір ауылнайдың малын бір палуана сойып беріп, патша-ағзам көжекатықсыз отырмаған шығар. Ол түгіл, Қасқыrbай бидің өзі соғымға елден алғып, елулеген жой сойды. Елдің ержоси палуан, батыр жесе, ғалым, ікіншінші жесе, далаға кетпес еді. Қайдам қарағым?» — деген екен.

Қажымұқанға Күрттыбай тай қазанын толтыра ет асқызы. Онда қазы да, карта да, жал да, құйрық та, сүбе де бар еді. Ел кіслерін қондыратын үйіне дастарқан жайғызып, қайын астауды қайыстыра екі жігітке қолдаса көтергізіп әкеп тартқызыды. Қала ішіндегі палуанды көруге ынтықкан екі-үш қарттар да болды. Байдың жағын адамдарының бала-шагалары да іаз жыйналмады.

— Палуан, көп жыл Россияда журосеңіз де, ел кәдесін үмытпаған шығарсыз? Бас бермеді демессіз, мырзаның азын-аулақ төл малы елде болады. Базардан аламын дегенине, аяз сорған малдың еті не болады деп, мен алдырмадым. Соғымның мезлілі ғой, бүйирғаны алдыңызға келді, алыныз, — деді қарттың бірі.

Қажымұқан дастарқан жаңында отырған кіслерге айнала бір қарап алды да:

— Мырза, мен жыйирма төрт жыл шетте жүріп, тұңғыш рет сенің үйіне кіріп отырмын. Мен жейін десем,

тайын мен койынның етін косып бір-ақ жеймін. Жемей! десем, жай кісінің жетін асы маған қанағат. Қызылжарда ауланын қарын мен де күреп едім. Енді, мына коранды қар күреп жүргендер мөні «мырза» дейді. Қайдан білсін, қасқыр ішік, қара қалпак киген «мырза» бола береді дейді гой, сірә... Күрттыбайдан етіп мырзалық кайда бармақ!..

— Рас айтасын, палуан, құдайдын бергені де, шырағым! — деді қарттың бірі, оақалын сыйрап, мырзага көзінің астымен қарап.

— Я, құдай берген мырза, құлашыңды жаз! Жалшы жігіттерінді түгел шакыр. Мынау асынды менімен бірге отырып жесін. Қасқыр ішікті мырзаның Қажымұқан екенін білсін. Мені келіп көруге көбісі именіп жүр гой алі.

— Палуан, олар астан көнде емес. Біз солардан артылғанын жеп отырмыз. Асты ішіп болайық, артынан осы кіслерге жүрген жерінді, көрген қызық уакығаларынды әңгіме етіп бер, есітелік. Ертең олардың үйлеріне барып, өз алдына әңгімелесерміз. Әлгі, патшаның сарайында болғаныңды айтшы... Аяусыз ақ алтынмен аптаң күмістен күптеген шыгар... Уа шіркін-ай, патша-ағзамның сарайының қақпасын көрудің өзі қандай мәртебе десенізші!

— деп, бет әлпетінен әлдекандай арманың желіні съездағандай көрініп, табактағы асты палуанға үсына берді.

Кажымұқан: «Коя тұр», — дегендегей қолын көтере созып:

— Эй Күрттыбай, жыйырма екі жыл бұрын, көршің Масликовтың атын өлтіріп, шашаоын жаяу сүйреп полицеймейстрге алып барғанымда, сен айдарың алымбаған жас бала едін. Есінде бар ма, ел аттың күнүн төлегелі ақша жыйнап жатқанда, әкен марқұм төрөнің касында тұрып, саған он бес тынын беріп, ақша жыйнап, жүрген қарауышы Хасен шалға аптырып бер дегені?

— Я, я... — деп бетіне қадалған көп көзден үялғандай, мырза тәмен қарады.

— Хасен сонда не айтып еді?

— Оны үмытып қалыптын.

— Онда Күртташ жас еді ғой, есінде қалмаған шығар, — деп, мырзала таяу отырған кісі селдір қақалын саусағына қыса сыйип, көзін жұмды.

— Жас болғанда, он үштен он төртке шығатын бала еді. Айдарын шұбалтып, Масилковтың үйіне барып, Дора деген қызымен ойнайтын еді.

— Палуан, о жағын терендептепкіз: үлкен келін үнде-мегенмен, кіші келін Зуһраның шекесі тұрысып қалады!

— Эй, тәйір-ай, қайтуши еді? Бала кездегісі ғой мениң айтып отырғаным.

— Я, әлті Күрттыбай бертең он бес тыйын туралы айтши... Бұл нысапсыз, Дораны көрсө, осы күнде де ойнайды,— деді мырзаның жүрдасы Фынаят саудагер.

— Мырза, тыңда... Хасен шал сөнің берейін деген он бес тыйынның қарап: «Жамаушы Жағыпар бес сом бергенде, сенің үсынғаның он бес тыйын болса, әкене апартып бере ғой, шылым алып шексін. Оңсыз да бір аттың дауына осы жұрт жетер!» — деп еді. Мен мұнда үй таптай келіп отырғаным жок, мені жұрт Масилковтың дауынан сатып алыш жатқанда, он бес тыйын үсынған Күрттыбай мырзаны есейгенде көрейін деп желдім.

— Я, Сәкен марқұмның жақ жерде тарыла қалатын мінезі болғым. Кейде көлдей шалқып, Омскі, Орынбордан келген біреулерге ақшаны аямай күшактатып-ақ жібере салатын. Болмаса, сол атты түгел төлеуге де құдіреті келер еді ғой — деп, ет тұрат отырған жұпымы киімді қарт майлы бір жапырақ етін аузына қағып жіберді. — Сөйтіп, шырағым Қажымұқан, Күртташтың жолы ашық, құдай беретінін тоқтатпасын, талай кісінің мұқтажына жарап жатыр,— деп мырзала көз қызығын тастап қойды.

Палуан жымыйған көзімен айналасына қарап:

— Менің айтайын дегенім ол емес, мырзадан дүние сұрағалы отырғаным жок. Осы соқтің алды, қырау басқан терезеден сығалап жүрген адамдар көрдім. Шамасы,

жалшы жігіттер болар. Мен елден кеткенде **Масликовта** жүретін Сертей мен Сейілбектің осы ауладан төбесін көрдім. Бәрі де мені көргісі келетін шығар. Оларды аяздаған сыйырлай сұқырлатып, есік сығалатпай, үйге кіргіз. Осы дәм бәрімізге жетеді, дидарласайтын. Патшаның, оның уәзірлерінің үйінде көрген тамашамды күлактарымен естісін.

— Ол кім езі, есік алдында жүрген? — деп мырза есік жактағыларға қарады.

— Кім дерің бар ма, мырза? «Патшаның палуаның көреміз», — деп өзіміздің жігіттер тобымен қайта-қайта келді. Көрші үйлерден сан адам келіп, сығалаумен жүр. Есікті іліп, алдына кісі қойып, азар отырмыз. Болмаса, үйге еріксіз лап бергенде түр.

— Олары қандай бейбастақтық! Кісі көрмен пе?..

— Ол жағын қайдам, мырза? Жұмыстарың бітірген-нен бері, жігіттер ауыз үйді тоздыруға айналды. Далаға шықканда көреміз деп, қанша кісі теніректеді. Сергей мен Сейілбек: «Мырза рұқсат етсе, кіріп амандастып шығайык», — деп еди. Сіз: «Конақ үстіне ешкім жірмесін», — дейтініңіз болушы еді, мен сізге айта алмай, олар асуүгे кіріп отыр, ауыз бөлмеде бір тобы түр, — деді үй жұмысындағы жалшы.

— Мырза, кіргіз соларды! Солардың топырлауына именіп, далаға шыға алмай отырмын.

— Үйге үймелеттей-ақ, ертең ортасына бармайсыз ба?

— Мен үйіне қыстағалы мелірім жоқ, ертең жетем. Қазір кіргіз. Болмаса, асынды да жемеймін, әнгімемді де айтпаймын!

— Я, бәріміз де дыйдарын көргелі келіп отырмыз. Бұл мырзаның үйінен татып жүрген дәм ғой... Палуаның тілеті орындалсын, шакырыныз, мырза, — десіп отырғандар Құрттыбайға үнілді.

— Япир-ай, енді, аяқтары лас, үйдің ішін былғай-да-ау!..

— Былғаса тазартатын өздері, жірсін.

Жігіттер шакырылып, алдымен Сергей мен Сейілбек кіріп, Қажымұқанмен құшақтасып көрісті. Бақса жігіттер сәлем беріп, есік жақтан іргелей отырысты.

— Бір жездегі жалшы Қажымұқан, Петр патшаның қаласынан тәлім-тәрбие альм, бүкіл әлемді аралап, үлы Россияның қазақ палуаны атандым. Жыйырма екі жыл шөтелде жүріп, топырағын тұмар етіп тағайын деген тұған жеріме булған келіп отырмын. Тұған жердің асын есікті жүріп бас қосқан ескі достарым Сергей, Сейілбек ағайлаар, сендермен бірге ғана! Ал, мырзага, келіндерге патшаның шәрбәтін берейін! — деп өчімоданым ашып:

— Міне, патшаның кәмпитетін балаларына беріндер, — деп алуан түсті қағазға оралғая кәмпитетті шашып жіберді. Отырғандаар алдына түскенін таласа, белісті алысты.

Ет желініп, шекеден шып-шып төр шыққан сон, Қажымұқан біраз бөсітіп, әңгімесін айта келіп:

Жыйырма төрт патшаны араладым,
Палуанды неше таудай жарападым.
Журегімді жылытықаң қызыу мол,
Туган жердей ыстықты таба алмадым, —

деп өлең де айтып жіберді.

— Патшаның алтын сарайында жүріп те елді сағышын ба? — деді мырза.

— Эй, алтын деген тас емес пе! Адамнан — ата, ана, тұған елден қымбат не болма?

Жыйылған кісілер, палуанға әбден риза болып, көңілді тарқасты. Қажымұқан, жататын белмесіне шығып бара жатқан мырзага:

— Мырза, әжемнің алғенін естіп, асығыс көле жатыр едім. Ауылға күйменмен жеткізіп салуға көншілік ет, — деді.

— Жарайды, палуан.

XI. ПАЛУАН-ШОЛАҚШЕИ КЕЗДЕСУІ

Үш атты кесем жеккен күймелі шана, қалың қарды
кайystай тіліп, Ақмолаға қарай келе жатты. Тұтеген бо-
ран бегеп, шыққан бекетінде екі күн түнеп қалып еді.
Айналаға елден бекетке желген бірлі-жарым кісілер ар-
қылы: «Патшаның тау көтеретін палуаяны келе жатыр
екен», — деген лақап ауылдан ауылға лезде тарады да
кетті.

Әйелдер есіткен хабар — газеттен жылдам тарайтын
әдет, күлағы шалғаны үйінде отыра алмады.

— Шешей-ау, есітпің бе?

— Нені, шырагым?

— Бекетте дәу жатыр дейді ғой!

— Шұнақ-ай, тағы не дейді?!. Дәүі несі ойбай? Дәу,
пері Қойқап тауында жүреді демей ме? Әй, Қыздарқұл,
бері кел, мына сұмдықты есітші? Я, келін, оны кім ай-
тыпты?

— Менің вәзім де шала естіп қалдым. Елгезер қайна-
ға соғы атама айттып тұр екен: Текебайдың Темірбекі ың-
қан жылқысын іздел жүріп, бекетке соғыпты дейді. Бар-
са, бекетті аумағымен қар көміп ғастаған екен дейді...
«Япыр-ай бұлар түншынып қалған шыгар?» — деп тұр-
ғанда, ыңғаш соғып, үйіліп қалған қар, қарс-қарс айры-
лып, қазажын қакпарындай, төңкөріліп түсіпті. Сөйтсе,
соның астында патшаның дәуі жатыр екен. Сол Алатаудай үйілген қарды алғанымен ысыра салыпты дейді...

— Ойпыр-ай бұл бір сұмдық шығар...

Міне, осы сөз ауыздан-ауызға көшіп, алуан құбылып,
Есіл, Нұраның өресін әп-әтте аралап шықты.

Ал шана үстінде көк мауыт костюмі бар, үй ішінде
кнетін киіз кебісті аяғының басына іліп, қасқыр ішігін
иығына жамылып, мырза келе жатыр.

— Күн де батуға таянды. Бекетке жақындастық па?

— Күн юысина кіре барамыз, таянып қалдык.

— Қызы бар дейсін бе?

— Кыз болғанда, несін айтасын!.. Қектемнің гүлі, жұмактын хұры.

— Тұпкі атты тың сактал, көсемдегі екі атты сыра айда. Жарық барда жетегін болайык.

Тізбектеліп ўшқан үйректей, күйме сүйреткен көсем аттар, қары ойылып, қайырулы түрған қақпадан сып етіп, бекеттің корасына қіріп келді. Бурыл тартқан Рысбек бекетші, кешкі шөбін салып, мал кораның ёсігін жана рана жауып болып еді. Көлтен жөргөн күймелі қонақты қошаметтей қарсы алды. Атшының сәлеміне жауабын шала беріп, күйменің тұтқасына жабысты. Ашып жібергенде, аяғындағы кебісін тастап, үййін киіп жатқан мырзаны көрді. Қеүгім тартқан күйменің ішін қоңыраудай сыйлыштаған біреу жүр. Бекетші оның ішінде бір кісі ме, үш кісі ме, айыра да алмады. Қасқыр ішіктің жағасын жөзі шалыссымен-ак:

— Қадыйша қарагым, бері кел! Қонақты үйге кіргіз. Тоңып қалған шығар,— деп күймеден басы шықкан кісінің қолтығынан сүйей берді.

— Ракмет! Қейін тұра беріңіз, аяғынызды басып кетіп жүрмейін. Мына иығымдағы ішікті алықызышы, түсіп кимесем есіккө сыйтын емеспін.

— «Е, бұл майбекое мырзаның біреуі екен ғой!»— деп ойлады бекетші. Ұзын жолдың өрестінде өмірі өтіп, байсымағына жақлақтап, жоқтары қонса, шалқақтап үйрәнген Рысбек, қасқыр ішіктің жағасы қолына тигенде, едебелектей түсті.

— Қарагым Қадыйша, мырзаның ішігін қарға тиғізбей үстай тұр! Мен өзіне қомектесеойін...

— Бұл ішікті үстай тұру қызға онайға соқтас, өзің алып, үйге апара бер. Қарындасым, маған, маған жакында, үйге ала кіретінді берейін.

— Макұл, макұл!. Қарагым, мырзаның бергенін байқап үста, булініп жүрмесін — деп, ішікті көтеріп, бекетші үйге қарай жөндей берді.

Үйге кіре, әйеліне сыбырглай сөйлеп:

— Қатын, көп жылдан бері жол өресінен көрмеген біреу қуймемен желіп түсіп жатыр! Салдыраңан бірденелер күлақты жаңғыртады. Тегі, әкшашалған сандығы маекен? Мына ішігін үйге апарып, таза көрпенді тессе. Қадыйшага үйге кіргізетін бірденелерін беріп жатыр еді, мен соған барайын...

— Мына киіміне қарағанда қаланың көлесі сыйктығой, өзі қазак па скен?

— Қарандыда кайдаң білдійін? Гүрлдеген үні қазак-қа үқсайды, араластыра орысша да сөйлейді. Үйге келген соң көреміз дагы... — деп асығып, далаға шықты.

— Мә, қарындасым,— деп ұлксен орамалға түйген бір затты үсына берді.

Күйменің қақпағының қалтарысында тұрған түйіншекті қызы құшақтай үстады.

— Айналайын, маган бер де, өзің ағанды ертіл, үйге кіргіз, сұмың тиіп қалар! — деп бөкетші қауқалақтады.

Кек мауыт қамзолы жарқ-жүрк еткен, кара қалпакты мырза үйге кірді. Ауыз үйде еріне сыйырлаған әйел:

— Байғұс-ау, мына саудыратып жөтеріп желе жатқаның не бөле?..

— Несі екенин кім білсін?..

— Өздері неше кісі екен?

— Атшысынан басқа адамы көрінбейді. Мен ағтарын жайғастирайын. Сен қазанға же салатыныңды өзінен сұра. Қазы, жая, үйіткен сөміз қой еті барын айт. Неше қадақ ас дер екен?

Сықырлаған аяз, жесем жегілген аттардың тізбектелген қайсысын тастай етіп қатырып тастап, колы мүздаған атшы әлі ағытып ала алмай жатыр еді, бекетші келіп көмектесті. Атты қораға байласа журіп:

— Жігітім, бұл желе жатқан қай мырза?

— Оны өзінен сұрарсыз. Мен оншалығын біле де коймаймын,— деді қаранды қорада ағашты сыйпалап, атты қантара байлап жатқан атшы, аяз сорып, икемге келмей тұрған аузынан сез әрен шығып.

— Күйме өзінікі ме, жалдағ алған ба?

— Өзінікі де емес, жалдағ та алған жоқ... Мәндең қакшаны тағы біреу қатып тұр. Барсанызы! — деп атын бекетшіні тұртты.

Ол бекітулі қакшаның алдына барып:

— Бұл кім? — деді.

— Күймелі кісі келді ме? — деді, он үш, он төрттегі баланың жіңішке даусы.

— Келді. Оны қайтесін, өзің кімнін баласысын? — деді бекетші, қоралың қекпасын ашпай.

— Ендеше болды,— деді де, бала атын тасырлата, шаба жөнелді.

— Бұл қандай неме, жайдан келді?— деп бекетші үйіне жірді.

Бекетші ат жайғастыруға шықкан соң, әйелі:

— Қадыша, қонақтарға самауыр қой,— деп, қызын далаға шығарып, өзі мырзаның қескініне көз қыбырын бір жүгіртпі етті.

Алуан турлі кісінің көрген бекетші әйел, таң осы үсқынды адамды өмірінде көрген жоқ еді. Бет әлпеті, отырысы не байға, не әкімдерге, не таудагерге үксамайды. Неге жорырын білмей, дал болды.

— Мырза, біз жолаушы күткен адам болған соң, қазанымызды қонақтың бүйіркумы қарай асатын едік. Ас ішетін боларсыз? — деді.

— Ас ішкендің қандай, жеңгей!.. Қандай еттерінің бар?

— Сере шыққан жылқының жазысы бар, жая бар, жал бар, семіз қой еті бар.

— Жылтырарын тебірек, баса салып, қазанымызды толтырып ас. Эзірге мыланы ала тұрынғы,— деп он сомдақ кызылала қанауды әйелге үстата берді.

Мұндай есепте берген ақшаны үстай алмай, әйел бегелінкіреп жалды.

— Ала бер, жеңгей, тағысия тары көрерсіз! Сұхъ соғып, қарын ашиғызырап қалды. Асынызды жеделдет.

Әйел есік алдына келген күйеуіне сыйырлап:

— Мына мырзан, үйдемі етті түгел ас деп отыр. Тілті, аттың күны, он сом акысын беріп те койды.

— Неше қадақ ет ас деді?

— Қазаныңды толтырып ас дейді, қадағын айткан жок.

— Эй, жолра алып жететін шыгар! Өзінен сұрап, жолға алатын болса, бөлек асып бер.

— Өзің сұрай ғой енді.

— Бар, бар! Етті ақеле бер. Атшысына көрсетіл тартта, шараға сала берші. Мен отырган соң сұрайын.

Он соммың қалтаға түскөніне көңілденген Рысбек, үйге көнілдене юрді.

— Мырза, «жүздің жүзін танығанша, бірдің атын біл»— деп жөн сұрағанды айып етпесіз. Қай жақсы деп білейік? Сүйегініз кім болады? Сапарлықыз қайдан? Айтқа отырыныз,— деді бекетші жанынан алысырақ, алдына тізерлене отырып.

— Сүйегім — жан білмес ру, белгісіз байдын баласымын. Бір мың сегіз жүз тоқсан екі кой қайдан барып, (бұл сан Қажымұқанның Россияға барған жылы) Россияға сатып қайттым. Енді елге қайтқан бетім еді.

— Япыр-ай, кісінің есітпегені жөп болады екен-ау! «Жан білмес» қай елге жатады? Арғын ба, Қыншаш па?

— Отаяссы, соны өзім де білінкіремеймін.

— Дұрыс, дұрыс! Я, айтпақшы, асты жөп сал деген екенсіз, жолға алатыныңды бөлек ассын ба?

— Эй, тәйір-ай жолда кітіп тамағынше ме? Тұтас асып әкелсін дағы.

Үйішіндегі жаң үшлеу-ақ еді. Көп жылдан бері жолаушы күтіп өмірі өткен үйіші: түсіп кеткен кісінің мейірімді болып, ат аунаған жерде түк жалғандай, есептеш тыңқары, баласының қолына бір нәрсе үстаратып кеткенін тәуір көрептін. Бала дегендеге, жалғыз Қадышша, жасырақ кезінде отан бес — он тынын, бірер жәмпіт берсе де жағасып, конған қонақтар, әлінше күр тастамайтын. Ен-

ді ол бойжетіп қалды. Конактар болымсыз сыйды беруте ўялып есейген балаға лайық сый таба алмай, не кыймай, бекеттің пұлыш; ас-сұнның ақысын төлеп кете беретін болған. Ол түнеп өтетіндердің ішінде ел байы, мырзалар да, атқа мінген, сөзле араласқан да, жай шаруа да, саудагер, төрелер де болды.

Қадыйша, бұын бұркыратып, самауырын кіргісімен, жастықка шынтақтап, қысайып жатқан басын жөтерді де:

— Қарындас, ана орамалдағыны алып, маған бер, Петербурдың базарлығынан ауыз тигізейін, — деді.

Дастананың жыйып, шынтыаярын әзірлеғен қыз, буулы тұрған орамалды мырзана алып берді. Мырза қос уыс кәмпитетті шаша таставды. «Гүлжиһан» сабын мен бір күты иіссуды қыздың қолына үстартты.

— Базарлығым, шырағым! Тағы бір жолым түскенде мүнан да молырағы болар...

— Ұа, мырза, ауылға апара жатқан саукатынызды жолшыбай үлестірсөніз, жеңі қалады? — деп қауқыллады әкé, шешесі.

— Оқасы жоқ, отағасы! Мал жетеді. Бұл қүйменің ішіндегілер ғана. Петербурдан қырық лау мұлік жолда желеді!

«Шіркін-ай, қандай заттар екен?..» — деп ойлады бекетши.

Шай ішіп, шекесі терлеп, сол үйдегі бар жастықты басына үйгізді де, Қажекен қасқыр ішігін аяқ жағына жамылып, ас тіскенже қылоайды...

— Эйел-ай, асынды жайлап қайната бер. Мырза аздал демалсын, — деді Рысбек.

* * *

Кажымұқанның жастырын биік қойып, басын жоғары жетеріп үйктайтын әдеті еді. Қозі тез ілініп, тез оянатын. Албырттанып, ештегені әнғармайтындаид болып отырып, не үйқтаған болып жатып, айтылған әңгімені түгел есі-

тетін. Бірақ: «Пәленшे соғы айтты», — деп тіс жармайтын. Біреудің сыртынан сөз айтуға қана қас адам еді.

Ас пісім, түсіріп жатқанда, бір күшті қол қақпаны соғып-соғып жіберді. Оның дүмпөі агаш үйдің іргесін солқыннатқандай болды.

— Ойтыр-ай, мұнысы кім еді, тағы?! — деп алвашқы кесек етті сала берген әйел, аяқ ўстап отырған ерінің бетіне қарады.

— Дәу де болса, палуан шынар осы... Алдының күн аулынан келді деп еді. Мен шығайын, — деп шараны жерге қойып, Рысбек тұра жөнеді.

Қақлаға жете бере:

— Бұл жім? — деп дыбыс шығарды, тонын иырына жамылған бекетші.

— Қақланды аш, мен Нұрмагамбет!

— Ой, айналайын-ай, аңсаған дыйдарынды көрсетке-лі, құдай айдал келді-ау сізді!.. — деп есікті тез ашып, атының шылбырына орала түсті.

— Атты ықтасынға байла. Жедел жүріп, терлеңкіреп қалды.

— Палуан, ат жайыш өзім білем. Тоназымай үйге кіре беріңіз.

Төр алдыңда, үстіне жамылған жұндес ішігі төбедей көрініп жатқан мырзага тұр дей алмай, бекетшінің әйелі соған таяу төрт қабаттап көрпе төседі. Палуан сырт жиімін шешіп отырды да, үйініне түгел амандасты.

— Палуан-ай, сізді көрмелеп де көп болды-ау!.. Ауылға келгенінді естіп едік. Барып сәлемдесуге ақланың қары үстемелеп, мойын бүрғызбай жатыр... — деп Рысбек кіре сейледі.

Оған жауап қайтармай, қамшысын бүктең нұскап:

— Есік алдындағы үйілген көндей күмпүйп жатқан кім өзі?! — деп, жатқан мырзага көз қызырын салды.

— Ол бір Сартерек жактағы мырза көрінеді. Петер-бүрга барып, қой сатып қайтқан ба, қалай?.. Күймен

қайтқан екен. Жол жағып, шаршап қалған көрінеді. Күн батқан соң келіп еді, демалып жатыр..

— Кім екен?

— Білмедім, палуан, «Елдес» деді ме, «Жанбілмес» деді ме, бір рудың атын айтып еді, есіме тусіре алмадым...— деп сабырлана сөйледі.

Палуан-шолак, көтеріңкі дауыспен:

— Онда үйілген жөн екені анық болды ғой, жатсын!— деді.

Мырза ыңыранып барып, басын көтерді де, палуанна көз қызығын салып, үндемеді.

— Мырза, жол болсын, қайдан келесін?

— Петербурден.

— Я, о жақтағы ел ғанаң ба?

— Аман.

— Патшаның палуаны — Қажымұқан деген біреу бар деп еді, оны көрдің бе?

— Жоқ.

— Сандалып, талай жерге барсан да, ауылда журген мен көрген Қажымұқанды көре алмаған екенсін!

— Сіз оны қалай көрдіңіз?

— Көргенде — әкесін таныттым! Қар басқам бір бекетте отыр екен.— «Мен патшаның палуанымын», — деп былшылдады. Отырған жерінде бүріп ўстадым да, бір мына жағыма, бір мына жағыма атып ўрдым да, дағала лақтырып жібердім!

— Өтірік айтасын! Оны көрген жоқсын. Қажымұқанды атып жіберу үшін, алдымен менімен бел ўстасып жеру керек!

— Е, ондай да өнерің бар ма?

— Ба!

— Ендеше орнынан тұра ғой!

Мырза, бешшептіне таққан медальдары салдырап, үшіп тұрды. Нұрмажамбет те тұрып, Қажымұқанды бауырына құшақтай басып:

— Атағың шығыа, елдің абройы болрая, бауырым,
сағынып жүргенде сені де көрдім рой!. Экел бетінд!...

Казактың екі палуаны бекетшікің үйінде осылай кездесті!...

Кадыйша қаза болды он жетіде,
Қараса, көз тойғысыз келбетіне
Айтқаң серт, жеті жатып, алысқан қол —
Арманда, шықпай кетті жер бетіне!..

Кажымұқанның елден кетіп, қайта желуі осымен тұра тұрсан.

Бұл бір ауыз өлең, Кажымұқанның өмірінде кездескен тайғылы уақыйғасы — үзакқа созылатын қызық уақыйға. Сондыктан әнгіменің созылар желісін келешек өмірдің үлесіне калдырым.

Бірінші кітаптың аяғы.

К. Абықадыров

КАЖЫМУХАН

Издание Казгослитиздата — 1081

Редактор И. Иманкулов
Художник К. Коджиков

Техредактор С. Ишанов
Корректор Л. Ашхесс

Сдано в набор 5-VI-1951 г. Подписано к печати 27-VIII-1951 г. Изд. № 189.
УГ06110 Бум. 84 Х 108 — 1,562 бум. л. — 5,125 п. л. (Уч.-взд. 5. л.). Тираж 25000
Цена 3 руб. 50 коп.

г. Алма-Ата. Полиграфкомбинат Казполиграфиздата при Совете Министров
КазССР. Зак. № 1098